		Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, доп қолда. 1-қолдарымызды екі жаққа созамыз; 2- қолымызды жоғары көтереміз, допты екінші қолға ауыстырып қоямыз. 3-қолдарымызды екі жаққа созамыз. 4- бастапқы қалыпқа келеміз. Бастапқы қалып: аяқты екі иықтың деңгейіне қойып, допты оң қолға аламыз. 1- оң қолға қарай иілу. 2-3- допты оң аяқтан сол аяққа қарай домалату және керісінше орындау. 4- бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қарай орындау. Бастапқы қалып: еденде отырып, допты табанмен қысып, қолды артқа қарай тіреу. 1-2- аяқты түзу ұстап көтеру, допты түсірмеуге тырысу; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: етбетінен жатып, басынан асра қолдарын созып, допты ұстау. 12-қолдарын және оң аяғын алға қарай түзу созу, допты аякқа тигізу; 3-4- бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қарай қайталау. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл	Өленді қимылымен айтып, қайталайды. Қуан шаттан алакай, Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы таң, достарым! Педагогтің сұрағы бойынша әңгіме жүргізіледі: Өнерлі балалардың әртүрлі өнерлері туралы әңгімелейді. Коллаж жасайды. Балалардың өнерлеріне қарап болашақта қандай маман иесі болатыны туралы әңгімелесу. Балалар өз қолынан қандай өнер келетінін айтады. **(Ү) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма.** Оқу құралында берілген суреттер бойынша жұмыс жүргізіледі. Осы суреттер арқылы ҮОК-ның тақырыбы ашылады Саған қай баланың өнері ұнайды? -Мұндай өнерлі балалар араларында бар ма? -Саған немен айналысқан ұнайды? -Сен қай тілде ән айта аласың? Балалар сұраққа жауап береді. Шағын әңгіме құрастырады. Сурет	иық кеңдігінде. Қолдарына сылдырмақ. Қолдарына сылдырмақты алып екі жаққа созып, жоғары көтеру. Сылдырмақты төменге түсіру, бастапқы қалыпқа келу. 2.Бастапқы қалып: аяқ иықтың деңгейінде. Сылдырмақтарды иыққа қойып, жартылай отырып сылдырмақты еденге қою. Қолдарын беліне қойып, жартылай отыру. Сылдырмақты алу, тік тұру, алғашқы қалыпқа оралу. 3. Бастапқы қалып: аяқ иықтың деңгейінде, қолдарында сылдырмақтар. Еңкейіп сылдырмақтарын аяқтың саусақтарына тигізу, тік тұру. 4. Бастапқы қалып: отыру, сылдырмақты иыққа қойып ұстау. Оңға, солға бұрылу. Сылдырмақты аяқтың ұшына жақындатып қою, оңға бұрылу. (солға). Сылдырмақты көтеріп алу, бастапқы қалыпқа келу. 5. Бастапқы қалып: аяқтарымыз сәл ашылған. Сылдырмақтар қолда кеуде тұсында. Жүру мен қос аяқпен секіруді	,аяқ,тізе,шынтақ,саусақ,кеуде,иық.Ендеше балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын.Жер бетіндегі ең ақылды ,ең күшті кім?Ол адам.Адам табиғаттың ең керемет бөлігі.Олай болса мен сендерге қызықты ертегі айтып берейін.**Ойын: »Адам денесін құрастыр»** **Әліппе дәптермен жұмыс:** Суретпен жұмыс: **Сергіту сәті:** Суретін мен бір адамның , Салайын деп қалам алдым. Деңгелетіп басын салдым, Екі сызып қасын салдым. Міне мынау мұрын болды, Аузын сап ем жана енді. Күлімсіреп шыға келді. Ең соңында көзін болдым, Айнымаған өзім болдым. **Ойын «Не жалғыз,не екеу?» «Артық затты тап»** **Қортынды:**сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін аяқтау. **Күтілетін нәтиже:** Адам дене құрылысымен танысып білді..	сөздер, тілектер айтады. Анасына, бауырларына, достарына арнаған өздері білетін жақсы сөздерді, тілектерді айтады. Адамдар бір-біріне үнемі жақсы **Әліппе дәптермен жұмыс:** *Сергіту сәті:* *Қоңыздар* Көк шалғында қоңыздар. Би билейді айнала. Оң аяқпен топ-топ, Сол аяқпен топ-топ. Екі қолды жоғары, жоғары. Көтереді жай ғана. Кәне, кімнің қолдары Көрінеді жоғары? **4-тапсырма.** Қолында бар затты достарымен тең бөлісіп жеуге жетелеу. Өзінің затын ешкімге бермейтін бала туралы рөлдік ойын ұйымдастыруға болады. Асан достарына алманы қалай бөліп берді? Әркайсысына неше бөліктен тиеді? Балалар дәптерлерінде әркайсысына тиесілі бөлікті сызып қосады.

Сканировано с CamScanner

		гана ашылған , доп оң колда. Допты оң қолмен еденге соғу, ырғыған допты қағып алу. Бастапқы қалып: допты оң қолмен лақтырып, екі қолмен қағып алу. **Негізгі қимыл жаттығулары:** 1. Секіртпемен секіру. 2.Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. Тынысалу жаттығуы орындалады. **Қимылды ойын:** «Тым-тырақай» Картотека №13 Жай жүру, тыныс алу жаттығулары. Балаларды мадақтап, оқу қызметін аяқтау. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Балалар секіртпемен секіруді білді. **Нені меңгерді:** Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. **2. Орыс тілі** **3.Таным,шығармашылық** **Кіріктірілген оқу қызметі:** **Жаратылыстану** **Жапсыру** **Тақырыбы:** Табиғат құбылыстарын қалай байқауға болады. Менің	арқылы ҮОҚ-ның тәрбиелік мәні ашылады. Әр баланың өнерлі болуға ұмтылуы туралы әңгімеленеді. **2-тапсырма. Сен шахмат ойнайсың ба?** Педагог балалар назарын сұрақ белгісіне аудартады. Айсұлу мен Қуаныштың жауабын естиді. Олар балаларға ережені түсіндіреді. Сұрақ қою мақсатында айтылғандықтан, оның сұраулы сөйлем деп аталатындығын біледі. **Мен шахмет ойнаймын.** Педагог сөйлем соңындағы нүктеге көніл аударып түсіндіреді. Бір нәрсе жайында хабарлай айтылса, ол хабарлы сөйлем деп аталады. **Мен жеңдім, алақай!** Педагог балалар назарын леп белгісіне аударып, түсіндіреді. Қуанышты, реніштi көніл күйді білдіріп тұрған сөйлемнің лепті сөйлем деп аталатындығы түсіндіреледі. Балалар сөйлем түрлеріне өз мысалдарын келтіреді. Ол үшін көніл күйді	ауыстырып орындау. **Негізгі қимыл жаттығулары:** 1. Еденде созылып жатқан аркан үстімен бір бүйірімен адымдап жүру. 2.Гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу. **«Балық аулау» қимылды ойыны** Жай жүру. Тынысалу жаттығуы орындалады. Қорытындылау, бағалау,мадақтау. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Еденде созылып жатқан аркан үстімен бір бүйірімен адымдап жүруді білді. **Нені меңгерді:** Гимнастикалық орындық үстімен еңбектеуді меңгерді. **2.** Кіріктірілген оқу қызметі: **Көркем әдебиет, Мүсіндеу.** **Тақырыбы:**Кім болғым келеді? Кірпілер жанұясы **Мақсаты:** Мамандық туралы балалардың түсінгін кеңейтіп сурет бойынша әңгіме құрау Басқа балалармен топтасып жеке біртекті заттардан образдармен сюжеттік композициялар	**2. Сөйлеуді дамыту.** **. Тақырыбы:**Мен үлгілі баламын **Мақсаты:** Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіну, мағынасы бойынша жақын/қарама-қарсы сөздерді сөйлегенде қолдану Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.ой қозғау, бір айналым сөйлесу. **Көрнекілігі:** тақырыпқа сай суреттер. **Үйымдастыру:** Мен үлгілі баламын, Айтқан тілді аламын. «Жина,- десе, - ойыншықты», Өзім жинап қоямын. Ініме де көмекке Бірінші боп барамын. Төсекті өзім жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын. Айтқан тілді аламын, Мен үлгілі баламын. – Балалар, үлгілі деп қандай баланы айтамыз? – Біздің арамызда үлгілі б –	– Асаннын өзінде неше бөлігі қалды? – Асан қандай бала? – Өз бөлігін алған кірпі, тиін және қанқыз. Асанға не деу керек? *Нақыл сөз жаттау.* Нақыл сөздің мазмұны алдыңғы тапсырмамен байланыстыра отырып түсіндіріледі. Жақсыдан үйрен, Жаманнан жирен. **5-тапсырма.** Педагог әліппе-дәптердегі жазу элементерінің қалай орындалатынын ауага сызып көрсетеді. Балалар жолдың жоғарғы және төменгі сызығын ажыратады. **Күтілетін нәтиже** Сұраққа жауап береді. - Сөзді ажыратып, сөздің, сөйлемнің магынасын түсінеді. - Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолданады. Жазу жолын сақтап, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын ажыратады:

Сканировано с CamScanner

		аулам **Мақсаты:** Табиғат нысандары мен құбылыстарына қысқа уақыт аралығында бақылау жүргізу Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін кию. **Әдіс –тәсілдері:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, дәптермен жұмыс.ой-қозғау.сергіту. **Көрнекілігі:** тақырыпқа сай суреттер, қайшы желім, түрлі түсті қағаз. **Ұйымдастыру бөлімі** Ғ. Қайырбековтің «Алтын күз» өлеңін оқиды. Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзде ұр жатыр. Біз мектепке баратын, Алақай-ау, күн жақын! Күз дос екен бізбенен. Бәрін тауып беретін, Жомарт екен күз деген. Бақылаушылар кімдер екенін еске түсірейікші. (Бақылаушы – қоршаған орта мен табиғат құбылыстарын арнайы танып білуші адам). Ал бақылау дегеніміз не? Бүгін біз	білдіретін әртүрлі сурет түрлерін қолдануға болады. **3-тапсырма.** 1-сурет бойынша балалардан педагогке қақпаға доп кіргізген кезде көңіл күйлерін қалай білдіретінін сұрайды. Балалар өз көңіл күйлерін көтеріңкі дауыспен білдіреді. Педагог олардың дауыс мәнеріне назарларын аударады. 2-сурет бойынша балалар сұрақ қойған кезде де дауыс интонациясын келтіріп айтуына назар аудару керек.Содан соң сөйлем түрлеріне берілген мысалдардың соңындағы тыныс белгісін көрсетеді. Балалар дауыс интонациясына қарай әртүрлі белгілер қойылатынын байқайды. Ол белгілер не үшін қойылатыны туралы балалардың болжамын білу. Педагог әрбір сөйлемді дауыс мәнерін келтіре отырып айтады. Балалар педагогтің дауыс интонациясына қарай отырып, сөйлемнің қандай көңіл күйді білдіріп тұрғанын анықтайды. Сөйлемнің айтылуына қарай үш түрі болатындығы туралы қорытынды жасалады. **4-тапсырма.** Ойын түрінің бірі шахмат	жасау. Қауіпсіздік техникасын және еңбек гигенасын сақтау. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, әңгімелеу, бір айналым сөйлеу, ой қозғау, штрихтау, жалғастырмақ. **Көрнекілігі:** Ертегі бұрышы, кітаптар, дәптер,карандаштар, **Ұйымдастыру бөлімі.** **Жұмбақ шешу:** Кірпіштен сарай үй салады, Ол адам кім болады? *(Құрылысшы)* Шекарада сақ тұрып, көз ілмей кім шығады? *(Шегарашы)* – Қандай мамандықтарды білесің? – Өзіңе қандай **Сурет бойынша Әліппе-дәптермен жұмыс:** – Ортада тұрған бала кім болғысы келетінін қалай армандап тұр? – Ал сен кім болғың келеді? – Суретте қандай мамандықтар бейнеленген? – Мұғалім не істейді? – Аспаз не істейді? – Комбайншы, механик	Кімнің үлгілі бала болғысы келеді – Ол үшін не істеу керек? – Өздерің үлгі алатын аға, әпкелерің бар ма? – Олардың қандай қасиетін үлгі тұтуға болады? Балалар достарының арасынан үлгілі балаға лайықтыларды атайды Үлгілі бала жан-жақты болуы керек. Таза жүріп, ұқыпты болғанымен, ойыншығын жинамаса немесе анасына көмектеспесе, ол бала үлгілі балаға жатпайды. Үлгілі баланың сабақ үлгерімі жақсы, ұқыпты, кішіпейіл, досына да көмек бере біледі. Мен сендерге «Нағыз дос» деп аталатын әңгіме айтып беремін. Мұқият тыңдаңдар. ***Нағыз дос*** Ерлан мен Дидар жақын достар, олар көрші тұрады, ата-аналары да бір-бірін жақсы таниды.Екеуі кішкентай кездерінен бірге ойнайды, бірге серуендейді. Бірде серуеннен келе жатқан екеуінің алдынан үлкен ит шығып, Ерланға бас салды. - Балалар Ерлан мен Дидардың оқиғасын өз	**2.Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** Мен ерекше баламын. **Мақсаты:** Балалардың өзіндік менін ұғындыру. Өздерін тануға өз ерекшеліктерін білуге үйрету. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, ойын, дәптермен жұмыс. **Көрнекіліктер:** Үлгі суреттер, әліппе дәптер, доп. **Шаттық шеңбер** Өзім жақсы баламын. Өзім жақсы баламын. Апа тілін аламын, Апа тілін аламын, «Ойната ғой бөбекті»,- «Су әкеле ғой» - десе, Десе, ойната саламын. Су әкеле саламын. Өзім жақсы баламын **Әңгімелесу.** Тыңдау – басқа адамдарды тыңдай білу және түсіну. Елгезек , тіл алғыш бала деп үлкендер жұмсағанда қабақ шытпай, тіл алатын баланы айтамыз. Енді өмірде кездесетін тыңдайтын-тыңдамайтын, тілді алатын, алмайтын балалар барын әңгіме-

Сканировано с CamScanner

		сендермен бақылауға тағы бір қадам жасағалы отырмыз.Біздің сабағымызда әңгіме не жайлы болады деп ойлайсыңдар? Мақсатты болжам. Бақылау туралы) Балалар ҰОҚ-да әңгіме не жайында болатындығын кестедегі сурет бойынша болжамдайды. ҰОҚ-ның соңында қол жеткізетін мақсат айқындалады. Өзекті мәселелер. Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз) **Өзекті мәселе.** Балалардан күз мезгілінің ерекшелігін сұрау. Педагог топта отырып-ақ осыны біле аламыз ба деген қызығушылық білдіреді. Педагогтің түсіндіруі. Ағаштардың каншалықты сұлу екенін көру үшін, түрлі түсті жапырақтардың сыбдырын есту үшін, көк шөптің, иісін сезіну үшін күзгі саябаққа бару қажет. Балалардан не істейміз	туралы қысқаша балалардың не білетіндігі анықталады. Шахмат тастарын орналастыратын оның тақтасын көретіп, олардың ақ, қара шаршыларға бөлінгеніне назарларын аударады. Балалар қара мен ақ түстің кезектесіп отыратынын байқайды. Шаршы құрастыру үшін неше шырпы қажет екенін санайды. Оған жалғастыра отырып, екінші шаршыны құрастырады, ол үшін неше шырпы қажет екенін айтады. Балалар 7 шырпы қажет екенін айтады. Екінші шаршыға неге 1 шырпы кем қолданылғанын өздері қорытындылап айту керек. Педагог өз қалауынша ары қарай шаршыны жалғастыруға тапсырма беруіне болады. **5-тапсырма. Қол икемділіктерін дамыту.** Қолын үзбей шарларды үстінен бастырып сызып шығады. Өзіне ұнаған түспен шарларды бояйды.. Қорытынды жасау. Балаларды мадақтау. **Рефлексивті бағалау.** Смайлик арқылы өз білімдерін бағалайды. **Күтілетін нәтиже:** Сұраққа жауап береді.- Сойлем интонациясына қарап түрлерін	қандай жұмыстар атқарады? Бейнетаспадан әртүрлі мамандықтар бойынша үзінді көру.– Бізде мамандықтың түрлері неге көп? – Көркем әдебиетте қандай жанр түрлерін білесіңдер?Бүгін біз өлең жанрымен танысамыз. М. Құрманалиннің «Кім болғым келеді?» өлеңін ұсынады. **Талқылау:** Өлең мазмұны бойынша сұрақтар. – Өлең қалай аталады? – Өлең сендерге ұнады ма? – «Ұлағатты» атанған қай мамандық иесі деп ойлайсыңдар? – «Бармағынан бал тамған» деп кімдерді айтамыз? – Мамандық иелері кім үшін еңбектенеді? – Тағы қандай мамандықтарды білесіңдер? – Сенің кім болғың келеді? **Сергіту сәті. Саусақ жаттығуы:** Тас қалаушы	ойларыңмен жалғастырыңдар, әрі қарай не болды деп ойлайсыңдар? Оқиға немен аяқталуы мүмкін? - Дидардың орнында болсаң, сен не істер едің? ***Әлімпе-дәптермен жұмыс:*** **1-тапсырма.** Суреттерді қара. Өзіне ұнаған суретті таңда. Ол туралы әңгіме құрастыр. Балаларға ат қой. Қай баладан үлгі алуға болатынын айт. Бірінші суреттегі бала не істеп жатыр? Ол қандай бала? Гүлдің қандай пайдасы бар? Аулада өсетін гүлдерді қандай гүлдер дейміз? Тағы қайда өсетін гүлдерді білесің? Екінші суретте не көріп тұрмыз? Қыз не істеп жатыр? Атаға кім орын берді, ол қандай іс жасады? Қыз не оқып отыр? Ал сендер кішіге қамқор бола білесіңдер ме? ***Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы сөзді айт».*** Ойынның шарты: Педагог допты кез келген балаға лақтырып, бір сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөзге қарама-қарсы сөз	ертегіден байқап көрейік. **Әңгімелеу.**Балаларға «Көкек және оның балалары» ертегісін, «Мақұлжан» әңгімесін оқып беру. -Ана – көкек балаларына неліктен ренжіді? Ал, сендердің аналарыңды ренжіткен сәттерің болды ма? Неліктен? -Төлеуді қандай бала деп айта аламыз? **Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрамыз Қолды белге қоямыз Бұрыламыз оңға бір Бұрыламыз солға бір Жаттығулар жасасақ Жақсы сергіп қаламыз. **Дәптермен жұмыс** Суретке қарандар.Адамдарға қандай көмек қажет деп ойлайсыңдар?

Сканировано с CamScanner

	10.25-10.55	деп сұрау (Бақылау). «Бақылағыш» деген жаңа ұғым бойынша жұмыс. Табиғаттағы осы кезеңнің ерекшеліктерін білу үшін не қажет. Бақылағыш адамның қасиеттері бақылау барысында қалыптасады және карточкалар көмегімен белгіленеді: • нысандардың, құбылыстардың ерекшеліктерінің барлығын байқау ептілігі; • елеусіз заттардың өзін байқау шеберлігі. Арнайы аспаптарды қолдана білу іскерлігі; сұрақтарды қоя білуі; • бақылау қорытындылары бойынша жазбаларды жүргізе білуі; • бақылаулар бойынша қорытындылар жасай білуі. **Бақылау** Педагог күздің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болғандығы	анықтайды.- Тыныс белгілері мен сызба бойыншасөйлем түрлерін құрастырады. **2.Математика негіздері:** **Тақырыбы:** Менің ойыншықтарым.Не қайда орналаскан? Менің аулам. Не қайда орналаскан? **Мақсаты**: Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында, жақын, арасында, қасында. Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында, жақын, арасында, қасында. Балаларға шеңбер болып тұруға ұсынылады. Амансын ба, алтын күн! Амансың ба, жер-ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам	жарайды, Қабырғасын үйдің қалайды,*(оң қолды сол қолдың үстіне, сол қолды оң қолдың үстіне қойып,осылайша жоғары көтеріледі)* Сырлаушы боп мен енді, *(босаңсыған қол білезігін жоғары-төменсермеу)* Сырладым төбе, еденді. *(төбені, еденді сырлаймыз)* Мен электрші-шам жаққыш, (*сөндіргішті басып, жарықтывшіреміз)* Бұрап шамды жақтым. *(шамды бұраймыз – оң қолдың білезігінайналдырамыз)* Жаңа үйге кір көшіп, *(екі алақанды бір-біріне түйістіріп, үй жасау)* Бақытты өмір жүр кешіп. *(қолдарын екі жаққа созу)* Өленнің мазмұнын балалар естеріне сақтау үшін педагог екіншіқайтара оқып береді. Балаларға өленді жатқа айтуды ұсынады. (3-4 балаға). **Әліппе-дәптермен жұмыс:**	айтып, допты кері лақтыруы керек.**Мысалы:** Жина – шаш Ақылды – ақымақ Ұзын – қыска Тәртіпті – тәртіпсіз Ұқыпты – ұқыпсыз Пысық - жалқау Жаман – жақсы Ыстық – суық Жат – тұр Қатты – жұмсақ ***Сергіту жаттығуы:*** Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Біз үлгілі баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. **Әліппе-дәптермен жұмыс:** **2-тапсырма.** Суретке қарап әңгіме құра, қай баладан үлгі алуға болады? Үйге келген соң аналары не істейді деп ойлайсың? Қайсысының анасы қандай көңіл күйде болады? **Сөздік жұмыс:** Мұнтаздай – кіршіксіз, тап-таза. **3-тапсырма.** Мақалдардың мағынасын түсініп ал: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Жақсы болу өз қолында.	**Ғажап сөздер.** Мен тілалғыш баламын. Үлкендерді тыңдаймын. **Жүректен жүрекке.** Ата менен ананын Айтқан тілін аламын. Үлкен кісі жұмсаса, Қайда болсын барамын **3. Музыка** **Тақырыбы:** «Табиғат» әні **Мақсаты:** Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Сканировано с CamScanner

		жайында балалардың еске түсіруін, жапырақтардың сыбдырын тыңдап, мынадай сұраққа жауап берулерін өтінеді: Сәбақта тағы да қандай өзгеріс бар? (Жарық бола түскенде) . **Өзекті мәселелер.** Қалайша жарық болып тұр? Жапырақтар неге сарғаяды және түседі? Қазір жарық пен жылу жеткілікті ме? Түскен жапырақтар өсімдіктерге керек пе? **ҚОРЫТЫНДЫ**: Жерге түскен жапырақтар құс төсек іспетті, шөпті және әртүрлі өсімдіктердің тамырларын суықтан қорғайды. Түскен жапырақтардың арқасында жер тереңінен мұзламайды, бұл топырақты қопсытып, оны құнарлы ететін топырақтағы түрлі тіршілік иелері үшін маңызды. Ал көктемде түскен жапырақтар жаңбыр астында жатып	**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету,шаттық шеңбері, саусақ жаттығуы, салыстыру, дәптермен жұмыс. **Қолданылатын көрнекіліктер:** Дәптер, кеңстіктегі ойыншықтар, тақырыпқа сай суреттер. қарандаш **Шаттық шеңбері Картотека № 13** Армысыз, қайырымды аспан ата! Армысыз, мейірімді жер ана! Армысыз, шұғылалы алтын күн» қайырлы, күн, қайырл таң» Кеңістіктегі байланыстар мен қатынастар сөйлеу тілдерінде мына сөздердің көмегімен беріледі. ішінде, үстінде, астында, алдында, артында, қарсысында, жоғарыда, төменде, жоғары, төмен, қасында, бір-бірінің артында, арасында, сол жақ, оң жақ, жоғарыда, төменгі және т.б. **№ 1тапсырма.** «Оңға бұрыл », «Оң қолыңда сол құлағының ұшына	Суретпен жұмыс: 1. Қарышкер деген кім? Қарышқа ұшқан кімдерді білесің? Сенің Айға ұшқың келе ме? Не үшін? 2. Мұғалім мен аспазға қажетті құралдарын атау, оны үзіксызықтар арқылы қосу. 3. Есіне сақта! Еңбек адамды өсіреді, Жалқаулық адамды өшіреді. **«Ғажайып қапшық» ойыны.** Мүсінші Ермек балаларға қаптың ішіндегіні табуды ұсынады. Балалар қапшықты зерттеп шығып, қорытынды жасайды **Ойыншықты зерттеу – кірпі.** – Кірпі қандай бөліктерден тұрады? – Кірпінің басында не бар? – Кірпі арқасына не салып жүреді – Жұмыс барысында қандай материалдарды пайдаланамыз? **Әліппе-альбоммен жұмыс.** Үлгіні көрсету. Балалар	Атадан жақсы ұл туса, Елдің қамын жейді. Атадан жаман ұл туса, Елдің малын жейді. Балаларға қайталата отырып жаттату. **Ойын-жаттығу: «Мен орындай аламын».** **Күтілетін нәтиже:** Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстайды. Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алады. Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды. **3.Музыка**	

Сканировано с CamScanner

		шіріп, топырақты тынайтады және ағаштардың өсуі үшін пайдалы заттармен азықтандырады. Педагог ағаш бұтақтарындағы бүршіктерді мұқият қарап алуларын және таза ауамен терең дем алып, саябақтың ішінен нені байқап тұрғандарын анықтауды сұрайды. «МЕН БАҚЫЛАП ҮЙРЕНЕМІН» тәжірибелік жұмысы. • Ағаштың бұтақтарын қара. Оларда жапырақтар бар ма? Бұрын жапырақ болған жерін тап. Жапырақтардың орнында не бар? Бұтақтардың бүршіктерін тап. Оларды қарап ал. Олар бірдей ме? Бұтақтың бір бүршігін жеке бөліп ал. Бүршік қандай түсті?Оны жауып тұрған тығыз қабыршықтарға назар аудар.Қабыршықтарын ашып көр. Бүршіктің ішінде не бар екен?Қалай ойлайсың, бүршікке мұндай тығыз қабыршықтар не үшін қажет?Айтып бер (Суықтан, құрғап	тығыз» деген қозғалыс бағытына қатысты түрлі тапсырмалар ұнайды. Балалармен жұмыс жүргізу кезінде аталған бағытта қозғалу,жүру және жүгіру кезінде қозғалыс бағытын өзгерту дағдыларын дамытуға үлкен мән беріледі. Осы мақсатта дидакикалық және қозғалыс ойындар жүйесі қолданылады. Бұл тапсырмалардың күрделендірілуі мынадан көрінеді: балалар жүріп-тұрғанда қозғалыс бағыттарының саны арттырылады, бағдарлау алаңы арттырылады,тапсырманы орындау шарттары күрделендіріледі; балалар көздерін жұмып, тез қозғалысБалабақшаға жақын маңда орналаскан нәрселерді бағдарлау дағдыларын дамыту үшін арнайы жаттығулар жүргізіледі. **Сергіту сәті:** Көлдің беті кілегей, Жер -сап сары бірегей. Тырау-тырау тырналар Түстікке бетті бұрды олар	үлгіні қарап шығып, мүсіннің түрі мен жұмыс істеу тәсілін анықтайды. **Мүсіндеу алгоритмін түсіндіру және көрсету.** 1. Алдымен ермексазды домалақтап алып, денесін мүсіндейміз. 2. Домалақтаған ермексазды кескішпен екіге бөлеміз. 3. Содан соң саусақтарымызбен созып, тұмсығын жасаймыз. 4. Моншақтан көздерін жасаймыз. **«Болады – болмайды» ойыны:** ойын барысында балалар ермексазбен жұмыс істеу тәртібін пысықтайды. 1. Ермексазды пайдаланғанда мұқият болу, үстелді, киімді бүлдірмеу, арнайы тақтайша үстінде мүсіндеу, ермексазды ауызға салмау. 2. Пластмасса кескішпен жұмыс істегенде абай бол. Құралды ұстап тұрып қолыңды ары-бері сермеуге болмайды – бұл біреуді жарақаттауы мүмкін. 3. Ермексазбен		

Сканировано с CamScanner

		қалудан және зиянды заттардан қорғайды).Бақылау нәтижелері бойынша бірлескен қорытынды шығарылады:Қыста өсімдік ұйықтайды, тыныштық күйінде болады.Бүршіктерде жас жапырақтар тығулы жатыр. Бүршік – болашақта өсетін және дамитын балауса бұтақ. **Әліппе-альбомның иллюстрациялық материалымен жұмыс.**Педагог тәрбиеленушілерге иллюстрацияға қарап, аулада ненің орналасқанын белгілеуді сұрайды. Аулада достарымен бос уақыттарын қалай өткізетіндерін сұрайды. **(Ж)** Тәрбиеленушілер жұптасып, аулада орналасқан геометриялық фигуралар неге ұқсайтынын талқылайды. Педагог балалардың алдына геометриялық пішіндер негізінде қиылған қарапайым заттардан «Менің аулам» тақырыбына жеке сюжеттік композиция құрастыру міндетін қояды.	Қара суық жел есті, Күннің көзі көмескі Дүкенге (тәтті тоқаш сататын жерге және т.б.)қалай баруға болады?» Поштаға дәріханаға баратын жол, «Мектепке баратын жол»? Олар балалардың бағдарлау қабілеттерін арттырып,жолды таба білуге үйретеді. **№3тапсырма.** Әр қатардағы фигуралардың ортақ белгілерін тап.Көлемі, пішіні, түсін салыстыру. **№4тапсырма.** Фигураларды жана орынға көшір. Мысалы: Үлкен үшбұрыш кіші үшбұрыш болады. т. **Сабақты пысықтауға арналған сұрақтар:** Сабақ соңында заттардың қайда тұрғандары туралы бағдарлау. Ойын «Кім жылдам » (Тығылған зат табу)ойынын қайталаңыз. **Күтілетін нәтиже:** балаларда кеңістік туралы түсінік қалыптасады. **Нені білу керек:** балалар оң және сол жақтарын, асты үстін жанын т.б кеністіктерді	(сазбалшықпен) жұмыс істегеннен кейін жұмыс орнын реттеу; тақтайшаны ермексаздан (сазбалшық) тазартып, үстелді дымқыл шүберекпен сүрту. 4. Жұмысты аяқтағаннан кейін қолды қағаз майлықпен мұқият сүртіп, содан соң жылы сумен сабындап жуу кажет. Артынша сүлгімен немесе майлықпен құрғатып сүртеміз. **Ойын түріндегі жаттығу: «Ермексазбен достас»** ермексазды жұмыс істеуге дайындау. **Балалардың өз таңдауына берілетін тапсырма:** Мүсінші Ермек әліппе-альбомдағы суреттерді қарап шығып, ине (тікен) ретінде пайдалануға болатын материалды таңдауды ұсынады. Кірпінің пішінін аркасына салып таситын заттармен толықтыру қажет. **Шығармашылық минуты:** Балалар кірпілер жаңұясы туралы әңгіме құрастырып, көрсетеді. **Күтілетін нәтиже:** бұйымның сапасы мен әрлеуіне қойылатын талаптарды атап бере алады; мүсіндеудің негізгі тәсілдерін, орындау технологиясын атап көрсетеді;қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтайды.		

Сканировано с CamScanner

		(ү) «Үйшік» саусақтарға арналған жаттығу. Саңырауқұлақт ың асты – күрке-үй (*алақандарын күрке тәрізді біріктіру*), Ол жерде көнілді құртақан тұрады, Біз оның есігін жаймен қағамыз (*жұдырықпен екінші қолдың алақанын соғу*), Қоңырауын соғамыз (*екі қолдың алақандарын төмен қаратып, саусақтар айқастырылып, оң қолдың ортаңғы саусағы төмен бүгіліп, сәл теңселеді*), Күркенің ағаш едені бар (*алақандарын төмен қаратып, қырларымен бірбіріне тақап, қысады*), Үстінде емен үстел тұр (*сол қолдың жұдырығының үстін оң алақанмен жабады*), Жанында аркасы биік орындық (*сол қолдың алақанын тігінен жоғары көтеріп, ал оның төменгі жағына бас бармақты өзіне қаратып оң қолдың жұдырығын тірейді*): Үстелде шанышкы мен тостаған (*сол қолдың*	ажырата білуі тиіс. **Түсінігі:** балалар алдында, артында, жанында, ішінде т.б айырмашылығын түсінеді . **Көрсете біліу:** балалар кеңістіктерді тауып көрсете біледі. 3Кіріктірілген Әлеумет,шығармашылы к **Қоршаған ортамен таныстыру,Сурет салу. Тақырыбы:** Менің отбасым Кемпірқосаққа қонаққа келдім. **Мақсаты:** Отбасындағы өзара тату карым катынастың маңызын түсіну отбасы мүшелерімен бірлесе жұмыс жасау Негізгі және қосалкы жылы және жуық түстерді ажырату. Жұмыс барысында жұмыс орнымен құралдарды материалдарды үнемдеп жұмсау. **Әдіс –тәсілдері:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, дәптермен жұмыс.ой-қозғау.сергіту. **Көрнекілігі:** тақырыпқа сай суреттер **Шаттық шеңберіне** тұрып, төмендегі			

Сканировано с CamScanner

		алақанын жоғары қаратып үстел үстіне қойып, оң қолмен шынашқыны бейнелейді: алақанды төмен қаратып, төрт саусақты түзу тербитып, ал бас бармақты алақанға қысады. Буы бұркырап құймақтар тұр. **(ұ, Ж) Жұмыстың орындалу технологиясы** Педагог жұмысты бастамас бұрын нені бейнелейтінін, қандай түсті қағаз керектігін, бөліктерін қандай тәсілмен қию керектігін ойланып алуларын ұсынады. Педагог суретті құрастыру процесін, жапсырма жасау кезектілігін көрсету үшін тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың кезектілігі тақтада барлық кезендері көрсетілген схема түрінде бейнеленеді. Шаршылар диагоналі бойынша бір бұрыштан екіншісіне дейін үшбұрыштарға бөлінеді. Шаршы мен тіктөртбұрыштың бұрыштарын кесіп алып, дөңгелек және сопақша пішіндер	өлеңжолдарын айтады: **Біздің отбасы** Алақаны аялы, Анам бар жаны саялы. Кешіре білген кінәмді, Әкем бар менің шыдамды. Шалғы тартқан шалғында, Ағам бар менің алдымда. Жақсылыққа талпынған, Інім бар менің артымда. Б. Кірісбаев – Бүгін отбасы туралы әңгімелесеміз. Айтыңдаршы, отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? Балаларды екі топқа бөледі: ересектер; балалар.Әр топ отбасындағы ересектер мен балалардың міндеттерін айту. Отбасы – туыстық қатынастағы жәнебірге тұратын адамдар тобы. Олар: атасы, әжесі,әкесі, анасы, балалары. Өз отбасыларын туралы әңгімелеп беріңдер.Әр бала өз отбасылары туралы әңгімелейді. Таспадан сөздерді тыңдайды, қайталайды. **Дәптердегі 1-тапсырма бойынша** фотосуреттс кімдер бейнеленген? – Отбасы мүшелерін ата. – Осы отбасы			

Сканировано с CamScanner

		қиылады. Педагог балалардың дәл киюын және бөлшектерді бүлдірмеуін қадағалайды. Кию сызығының анық, бұдырсыз болуын қадағалап, киған кезде қағазды ойып алмауға тырысу қажет. Балаларға сюжеттік жапсыру кезектілігін сақтау керектігін түсіндіреді: алдымен арткы көрініс, одан кейін жақын көрініс; алдымен ірі бөліктер, одан кейін шағын бөлшектер. Сондықтан барлық пішіндерді киып алғаннан кейін балалар оларды сюжетке сәйкес фонға орналастырып, жапсыруды неден бастау керектігін шешеді. Педагог шығармашылық қабілеті жоғары балаларға 2-3 затты орналастыру жоспарын беріп: жерді, аспанды, түсті дұрыстандауға ерекше назарларын бөлу. **қауіпсіздік ережелері.** Сабақ шеңберінде қайшымен жұмыс істеу ережелерімен таныстырады. Өз жұмыс орнында	мүшелеріне есімдер.Айсұлудың неше әпкесі, неше ағасы бар? Айсұлудың отбасындағы туыстар арасындағыкарым-қатынас қандай деп ойлайсың? – Әркайсысының отбасында неше адам бар? – Әкеңнің, әженің, атаңның, анаңның есімдері кім? – Сендердің неше аға, әпкелерің бар? Ата-анаң саған қандай қамқорлық жасайды? Өзің үлкендерге қалай көмектесесің? – Олардың есімдері кім? – Сендер ата-аналарына көмектесесіндер ме? – Сендер ата-аналарына қамқорлық жасайсыңдар ма? Отбасы үлкен де, шағын да болуы мүмкін.Ең бастысы – отбасында әркашан тыныштық,достық, сыйластық, бір-біріне деген сүйіспеншілік болу керек. **Үнсіздік ойыны.** Балалар жайланыпотырып, көздерін жұмып, өздерінің отбасымүшелерін, үйлерін көз алдарына			

Сканировано с CamScanner

		жұмыс тәртібін сақта. Жұмысты бастамас бұрын құралдардың түзу болуын тексер. Жұмыс кезінде қайшының ашаларының козғалысын қадағалап отыр. Қайшының ашаларын ашық қалдырма. Қайшыны сауытына ашаларын төмен қаратып сал. Қайшымен ойнама, қайшыны бетіне тақама. Қайшыны міндетіне сай пайдалан. **Нәтижесінде:** геометриялық пішіндер негізінде карапайым заттарды кия алады; -жапсыруда жеке сюжеттік композиция құра алады; -суреттерді үлкенінен бастап, кейіннен оларды ерекшелігі бар ұсақтарымен толықтыра отырып, қағаз парағына жапсыра алады; -геометриялық фигуралар негізінде карапайым заттарды кия алады.	елестетеді. **(Ө) Дәптердегі 2-тапсырма** бойынша отбасымүшелерімен бірлесе жұмыс жасау. Жеті ата туралы түсінік беріледі: Жеті ата – қазақ халқының адамның атажағынан тегінің таратылуы. Бала өзіненбастап әкесі, атасы, бабасы т.б., ягни жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. 1 –бала, 2 – әке, 3 – ата, 4 – арғы ата, 5 – баба, 6 – түпкіата, 7 – тек ата. Жеті атаның ішінде сендер кімсіндер? (Бала). Үйге тапсырма: ересектердің көмегімен жеті аталарының нақты есімдерін біліп келу. **Қол сергіту сәті: «Кел, санайық»** Үйде нешеу екенбіз? Кел санайық екеуміз: Бас бармағым – папам, Балан үйрек – апам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. **Дәптердегі 3-тапсырма** бойынша			

Сканировано с CamScanner

			отбасымүшелерінің суреттерін ретімен орналастырады.Орналастыру себебін айтады. Ағаштың тамырынан бастап, отбасы мүшелерінің суреттерін жапсыру. (Ата, әже, әке, шеше, аға, әпке,мен, іні, қарындас). **4-тапсырма**. Мақалдың мағынасы түсіндіріледі.Мақалдағы «ата» сөзі отбасындағы әке және атаңдыбілдіреді. Олар – отбасындағы қадірлі адамдар. Атамен әкені бөлек тауға теңеп тұр.Ана мен әже – олар аналар. Оларды суға теңеп тұр.Су өмірде қандай қажет болса, ана да сондай қажет.Баланы желкілдеп өсіп келе жатқан құраққа теңепотыр. Өйткені ол шөп сияқты желкілдеп өседі. **2-ші бізде сурет салу. Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс.** Педагог балалардан кемпірқосақтың аспанда қашан пайда болатындығын біліп/ білмейтіндігін сұрайды. (Жазда, жауыннан			

Сканировано с CamScanner

			кейін.) Кемпірқосақ түстерінің әрқашан да белгілі бір ретпен **(қызыл, сарғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін)**орналасатындығын нақтылайды. Түстерді жылы және суық реңдерге бөлуді ұсынады. Ақ және қара түстердің кемпірқосаққа жатпайтындығын нақтылайды. Балаларға түстердің негізгі (қызыл, сары, көк) және екінші түстерге бөлінетіндігін түсіндіреді. Негізгі түстерді палитрада араластыруды ұсынады.Мысалы: жұптағы бір бала сары түсті, екіншісі көк түсті алады, артынан бір түске араластырады. Балалар қандай түстердің пайда болғанын әңгімелейді **Қауіпсіздік ережесі** Педагог гуашьпен жұмыс істеу ережелерін еске салады. Жұмыс барысында жұмыс орны мен құралдарды таза ұстауды, бояумен үнемдеп жұмыс жасауды және оны қылқаламның ұшымен алуды ескертеді. **Жұмыстың орындалу технологиясы** Жұмысты сатылай			

Сканировано с CamScanner

			орындау ретін түсіндіреді. **Әліппе-альбоммен жұмыс.** Жұмысты бастамас бұрын «нұқу» тәсілімен сурет салудың негізгі ережелерін еске түсірейік (катты жартылай құрғақ қылқаламмен толықтыру): Су түсті ауыстыру кезінде ғана пайдаланылады, бояуға батырмас бұрын қылқалам майлықтың көмегімен құрғатылып сүртіледі. Сурет салу кезінде қылқалам қағаз бетіне қатысты қатаң түрде тік тұрғызылады. Гуашь қағазға бір қимыл арқылы, былайша айтсақ, «нұқу» арқылы түсіріледі. Кемпіркосақ жартылай шеңбер түрінде бейнеленеді. Ешбір жағыс жасалмайтындығын ұмытпаңдар. «Нұқу» ғана орындалады. Кемпіркосақты салғаннан кейін балаларға сюжет, ягни табиғат, гүлденген алқап, өзен,тау, т.б. салу ұсынылады. **Күтілетін нәтиже:** негізгі түстерді ажыратады, жылы және суық түстерге бөледі;дәстүрлі емес сурет салу тәсілдерін меңгереді;жұмыс орнын таза ұстайды.			

Сканировано с CamScanner

			қосалқы түстерді ажыратады, «ұқу» тәсілімен сурет салу технологиясын қолданады;сюжетті сурет жасайды; материалдарды тиімді жұмсайды.			
			- **3.Шығармашылық Мүсіндеу** **Тақырыбы:** Түйе (қазақтың «Түйе су ішкенде неліктен артына қарайды?» ертегісінің желісі мен) **Мақсаты:** Дененің қарапайым пропорцияларын есепке ала отыры, қозғалыстағы адамның немесе жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеу, фигураны тік немесе көлденең орналастыру, фигура бөліктерін өзара қосып, олардың бір біріне қосылған жерін арнайы кескіш көмегімен тегістеп, жымдастыру.			

Сканировано с CamScanner

			Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап. **Көрнекіліктер:** Бөлме өсімдіктері, қоян, ақ қағадар, **Кіріспе бөлім:** Балалардың назарын терезе аударып, бүгінгі ауа райын бақылатып, ауа райы парақшасын белгілету. Балаларға өлең оқып беру. Балалардан өленде не туралы айтылғанын сұрау. үлгіге қарап түйені мүсіндеу жолдарын көрсету. Кезекші балаларды қажетті құралдарды үстелге қоюды тапсыру. Түйені мүсіндеу үшін сары немесе қоңыр түсті ермексазды пайдалануға болатынын айту. Балаларды бақылап оларға көмек көрсету. Қостілділік: түйе – верблюд-camel. **Сергіту сәті** **Картотека № 15** Біз кішкентай баламыз, өсіп-өніп толамыз, (Өздірін көрсету,аяктын ұшымен жоғары көтерілу) Күнге қарай талпынып, көкке қолды созамыз. (Жоғары екі қолын созу)			

Сканировано с CamScanner

			Қанат қағып ұшамыз, қарлығаштай самғаймыз. (Екі жаққа қолдарын созып, шеңбер бойымен ұшып жүру) Қорытынды бөлім: Балалардың жұмысын бағалау. балаларды мадақтау. **Нәтижесінде:** **Нені біледі:** балалар түйенің су ішкенде неге артына қарайтынын біледі. **Нені меңгерді:** ермексазбен түйені мүсіндеуді меңгереді.			
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық	10.55-11.10	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Қауіпсіздік ережесін сақтап жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	11.10-12.30	Картотека №2 **1.Бұлтты бақылау.** **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі	Картотека №4 **1.Желді бақылау.** **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын	Картотека №7 **1. Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз	Картотека №8 **1. Күзгі жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ	Картотека №11 **1. Күнді бақылау.** **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық)

Сканировано с CamScanner

		және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату. **2.Еңбек:**Ауладағы жапырақтарды жинау. **3.Жеке жұмыс:** Жұмбақ жасыру Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **4.Қимылды ойын:** «Соқыр теке» **5.Еркін ойындар** **Әткеншек тебу,** **Сырғанақтан сырғанау.**	жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. **2.Еңбек:** Әдемі гүлдер **3.Ұжымдық жұмыс:** Тақпақ. «Жел» Жел үлейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **4.Қимылды ойын:** «Орамал тастау» **5.Еркін ойындар жүргізуші, дүкенші болып ойнау**	мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **2.Еңбек:** «Таза алаң» аула сыпырушыға көмектесу. **3.Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуов «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **4. Қимылды ойын:** «Тымпи - тымпи» **5.Еркін ойындар**	түстерінің өзгеруін қадағалау. **2.Еңбек:**Жапырақтардан гүл шоғын жасау **3.Жеке жұмыс:** «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **4.Қимылды ойын:** «Монданақ» **5.Еркін ойындар** Қуаласпақ, әткеншек тебу.	онын бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **2.Еңбек:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **3. Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. **4. Қимылды ойын:** «Үрпек төбет» **5.Еркін ойындар:**
Серуеннен оралу, гигеналық шаралар	12.30-12.40	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті.				
«Ас дәмді болсын» Түскі ас	12.40-13.10	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша топтық жұмыс: Нақыл сөз үйрету. Нан кикымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Тоғайларға тастаңдар				
«Тәтті ұйқы» Ұйқыға дайындық,	13.10-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Электронды күйізден № 1 бесік жырын тыңдату.				

Сканировано с CamScanner

күндізгі ұйқы.		
«Оянамыз, сергиміз» Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, сауықтыру және гигиеналық шаралар,жеке жұмыстар.	15.10-15.40	**Ұйқыдан кейінгі жаттығулар:** **Картотека № 15** Тақырыбы: «Мысық» Мәдени- гигиеналық дағдыларды орындау.

Бесін ас	15.40-16.10	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
«Алақай ойын» Ойындар ойнату,оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу.	16.10-16.40	**Вариативтік компонент:** **«Ойна да ойлан»** **Тақырыбы:** Заттарды топқа біріктіру. **Мақсаты:** Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру. **Жүру барысы.** Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Тақтада жыл мезгілдерінің суреттері. Төрт мезгілдің ерекшеліктерін атап өту. Балаларға кішкентай, түсі, алдында-артында, арасында сөздерді пайдаланып, суреттегі әр заттарды сипаттап беруді ұсыну. Топтағы барлық балалармен осылай жұмыс	**Т/О Картотека №3** **Тақырыбы:** «Көп және біреу» **Мақсаты:** Балалардың к	**Вариативтік компонент:** **«Бояулар құпиясы»** **Тақырыбы:** «Сия тамшысы» тәнбасы» **Мақсаты:** Сурет салуға қызығушылығын арттыру, сияны тамшылата отырып, одан ұқсас бейнені дамытып, сурет салуға үйрету.	**Ү/ОКартотека №12** **Тақырыбы:** «Арқан тарту» **Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойын түрлерімен таныстыру. Ұлттық ойындар арқылы балалардың өз ұлтының әдет – құрпынна,салт – дәстүріне деген қызығушылығын ояту. **Тіл ұстарту жаттығуы:** Картотека № 5 Ді ді ді – сөзің болсын мәнді Ді ді ді – киімің болсын сәнді.	**Вариативтік компонент:** **Сиқырлы әріптер** **Тақырыбы:** « Буын» (дидактикалық ойын) **Мақсаты:** Сурет және тірек сөздерді пайдаланып,әңгіме құрауға үйрету. Берілген сөздерді буынға болуге баулу.Балалардың сауат ашу және жазуға деген қызығушылығын қалыптастыру **Жүру барысы.** Әр балаға сөздерді бөліп беру. Мысалы: Айзереге- «ағашта» сөзі, айбибіге – «көп», диана – «алма», Расулға – «өсті» сөзі берілді. Балалар сөздің реті бойынша тақтаға шығып, өз сөздерін қатарға тұрып айтады. Соңда: «Ағашта көп алма өсті» деген сөйлем құралады.

Сканировано с CamScanner

		жасалады. Бірнеше балаларды тақтаға шығарып, оларды бірінің артынан қатарластырыып кою. Қалған балалар олардың белгілерін атапкөрсетеді. Үлкен, кіші кнімнің орналаскан жері. Тапсырманы ауызша орындаудыг сурет арқылы сурет арқылы көрсетуге болады. Тақырыпты қорытындылау және балаларды тапсырмаларды ықыласпен орындағаны үшін мадақтау. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Геометриялық фигураларды ажырата білді. **Нені меңгерді:** Тапсырмаларды орындауды меңгерді.				Жарайында балалар» Енді өз ойларыңа бір сөз айтып ,оны буынға бөліп беріндерші. Жақсы.тамаша Дидактикалық ойын: **8.«Тез жауап бер.»** **Ойын мақсаты**: Түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру. **Ойын шарты**: Балалар шеңберде тұрады, допты кім қағып алады сол бала заттың аты мен түсін айтып допты келесі балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл, «ағаш»- отырғыш, «тас»- үй, «темір»- қасық т. б. Ойынды үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі,үш сөзбен жауап беруге болады. Жарайсыңдар балалар» Қорытынды бөлім: -Сөз неге бөлінеді екен? -буынға Жарайсыңдар! **Нәтижесінде:** **Нені білді:** балалар сөзді

Сканировано с CamScanner

						буынға бөлуді біледі. **Нені меңгерді:** Суретке қарап әңгіме құрауды меңгереді.
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық, серуен	16.40-16.50	Киіну: серуенге шығу.				
		Картотека №5 **1.Көшедегі машиналарды бақылау.** **Мақсаты:** машина түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. **2.Еңбек**: Ойын алаңдарын қағаздардан тазарту. **3.Жеке жұмыс:** «Алтын күз» тақырыбы бойынша әңгімелесу **4.Қимылды ойын:** «Үшты-құшты» **5.Еркін ойындар**	Картотека №11 **1.Күнді бақылау.** **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **2.Еңбек**: Жапырақтарды жинау **3.Жеке жұмыс:** Еркеназ бен Нұрханға Е.Өтетілеуұлының «Бағдаршам» өлеңін жаттату. Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «гілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоктай, Қаламын кілт тоқтай. **4.Қимылды ойын:** Картотека № 54 «Қу түлкі» **5.Еркін ойындар**	Картотека №15 1.**Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.** **Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсіндіру. **2.Еңбек**: Біздің ойын алаңы **Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбеккорлыққа баулу. **3.Жеке жұмыс** : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. **Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету. **4.Қимылды ойын:** «Фигура жасап шық» **5.Еркін ойындар**	Картотека №17 **1.Ауа-райын бақылау.** **Мақсаты:** Күннің канша градуска төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. 2.**Еңбек**: Гүл тұқымдарын жинау. **Мақсаты:** Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. **3.Жеке жұмыс:** Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. **4.Қимылды ойын:** «Тышқан мен мысық» **5.Еркін ойындар.** Қуапаласпақ	Картотека №20 1.**Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.** **Мақсаты:** Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. **2.Еңбек:** Біздің ауламыз. **Мақсаты:** Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбеккорлыққа баулу. **3.Жеке жұмыс**: «Күзгі киім». **Мақсаты**: Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету. **4.Қимылды ойын**: « Ортасына дейін кім бұрын жетеді?». **5.Еркін ойындар**. Өткеншек тебу
«Сау бол, балабақша» Ата-аналармен қарым-қатынас. Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзіне сурет салуға мүмкіншілік жасау.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. Қосымша дәптерін беріп, таңертен қайта әкелуді тапсыру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. Мерекелік өлең жаттауларын жаттату.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. Демалыс күндерін сәтті, әрі қызықты өтуін тілеу.

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: _____

11.09.2020 ж.

ЦИКЛОГРАММА

III аптаға (14-18 қыркүйек 2020 ж.)

«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасы «Құлыншақ» мектепалды даярлық тобы

Өтпелі тақырып: **«Менің отбасым»**

Тақырып: **«Мен кіммін және қандаймын»**

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 14.09.2020	Сейсенбі 15.09.2020	Сәрсенбі 16.09.2020	Бейсенбі 17.09.2020	Жұма 18.09.2020
«Сәлеметсіздер ме, балалар» Балаларды таңертеңгі қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі жаттығу (5 мин)	8.00-8.30	Балалардың бойында балабақшаға, ойыншықтарға деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп,әдептілік дағдыларын қалыптастыру.Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру. Сұрақтарға жауап беруге үйрету.				
		Балалармен, ата-аналармен амандасып, балалардан демалыс күндерінің қалай өткендіктерін сұрау. Дене қызуларын өлшеу. Қолдарын залалсыздандыру.	Балаларды қабылдау. Балалардың көңіл-күйлерін анғару, балабақшаға таза келулерін қадағалау. Дене қызуларын, өлшеп, қолдарын сабынмен жуғызу.	Балаларды қабылдау, көңіл-күйлері туралы сұрау. Балаларды жылы сөзбен қарсы алу.Дене қызуларын өлшеу. Қолдарын залалсыздандыру.	Балаларды қабылдау.Отбасы мүшелерін сұрау. «Бес саусақ» санамағын айту. Дене қызуларын өлшеу. Қолдарын залалсыздандыр.	Балаларды қабылдау. Сүйікті ойыншық тарымен ойнату. Дене қызуларын өлшеу. Қолдарын залалсыздандыру.
		Жаттығулар кешені **Қыркүйек 3- апта; Картотека №2 (Днірмен).**				
Таңғы ас	8.30- 8.50	**Жаттығулар кешені :** Картотека № 1 II - апта **Картотека № 1** Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайын.				
Ұйымдасты-	8.50-9.00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				

Сканировано с CamScanner

рылған оқу қызметіне (ҮОҚ) дайындық		Д\О. Картотека № 16 «Не артық»	Д\О. Картотека № 18 «Мен кандаймын»	Д\О. Картотека № 22 «Күзгі жапырақтырды тап»	Д\О. Картотека № 24 «Кім тез айтады» Д\О. Картотека № 32 «Тез жауап бер»	
«Ойнайық та, ойлайық» Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл ған оқу қызметі	9.00-9.30	**Қатынас** **1.Орыс тілі** **Таным, Шығармашылық** **2.** Кіріктірілген оқу қызметі: **Жаратылыстану, Жапсыру** **Тақырыбы:** «Менің достарым», «Досыма сыйлық» **Мақсаты:** Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аягына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе	**Қатынас** **1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Бәріміз тақпақ айтамыз. **Буын** **Мақсаты:** Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Жазу жолын, жоларалық кеністікті,жолдың жоғаргы және төменгі сызығын сақтап,әріп элементтерін жазу. **Әдіс тәсілдер:** Түсіндіру,көрсету, тақпақ оқу, шаттық шеңбері.сұрақ – жауап, **Көрнекіліктер:** Жұмыс дәптері. қарандаштар, Балаларға жағымды жағдай жасау үшін жағымды атмосфера тугызу.	**1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Заттардың арасымен еңбектеу. Бір-біріне доп лақтыру. **Мақсаты:** Заттардың арасымен еңбектеуге үйрету. Бір-біріне доп лақтыра білуге жаттықтыру. **Әдіс-тәсілдер:** Көрсету, түсіндіру, ойын. **Көрнекіліктер:** Бала санына қарай текшелер,доп, кеглилер. **Ұйымдастыру бөлімі.** Бір катар сапка тұру.Екі қолдарын жоғары көтеріп, аяктың ұшымен жүру. Екі қолдарын желкеге қойып, өкшемен жүру. Аяктын іші-сыртымен жүру.Жартылай отырып жүру. Жайлап жүгіру. Жүгіруді жүріспен	**1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Заттардан аттап жүруде тепе теңдік сақтау.Секіртпемен секіру. **Мақсаты:** Заттардан аттап жүруде тепе теңдік сақтауға жаттықтыру. Секіртпемен секіруге үйрету. **Әдіс-тәсілдері:** Көрсету, түсіндіру, ойын. **Көрнекіліктер:** Бала санына қарай доптар, әр түсті кеглилер, секіртпе. Кіріспе бөлім. Бір катар сапка тұру.Екі қолдарын жоғары көтеріп, аяктың ұшымен жүру. Екі қолдарын желкеге қойып, өкшемен жүру. Аяктын іші-сыртымен жүру.Жартылай отырып жүру. Жайлап жүгіру.	**1.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** «Буынға бөлейік». **Мақсаты:** Буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Балалардың ой-өрісін дамыту.Өзара қарым-қатынаста достыкка, құрмет сезіміне тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, ойын, дәптермен жұмыс. **Көрнекіліктер:** жаб айы аңдардың суреттері, ойыншықтар, тірек-сызба, асықтар. **Қостілдік**
	9.40-10.10					

Сканировано с CamScanner

	қалыпты үйлестіруге назар аудару. Зал ішінде айналып жүріп жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы туралы балаларға ескерту, кажет жағдайда сақтандыру шаралары сақталады.. Нұскау – қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру,. Тепе-теңдік – алға адымдай отырып бір аякпен секіру, екінші аякпен құм толтырылған қапшықты итере отырып алға жылжу – арақашықтық 3 метр. Нұскау – табанды толық қоймай, табанның алдыңғы бөлігіне сүйене отырып серпу. Бір қатарға аралығы 1 метр қашықтықта орналастырылған кедергі заттар арасымен фитболды домалату. Нұскау – допты саусақпен көп күш салмай итеру. Шапалақтаған соң екі қолмен допты лақтыру және қағып алу. Нұскау – допты алдына ұстап алға-жоғары лақтыру, шапалақтаған соң саусақтарды барынша жаза отырып допты қағып алу. Еркін түрде қысқа	таңдап «күн» жасайды. 7. Тәрбиеленушілер ағаштан ұшып түскен жапырақтар сияқты шеттерін әшекейлейді т.б. Бұл жұмыс олардың қызығушылығы мен шығармашылығын дамытуға байланысты орындалады. Тәрбиеленушілердің табиғи материалдармен жұмыс жасауы барысында педагог олардың мұқият болуын қадағалайды, ұқыпты жұмыс жасалу, әр жұпқа жеке нұсқаулар беріліп, көмек көрсетіледі. Өз білімдері мен бақылауларына сүйенеді, өздері жасаған затты әрлеудің қарапайым әдістерін қолданады, шығармашылық таңдау жасай алуға үйренеді. **Қорытынды бөлім:** Жасаған жұмыстары жайында әңгімелеп береді, қандай ағаштың ең әдемі жасалғаны және оның ерекшелігіне назар аударады. Бір-біріне ұқсастығы немесе айырмашылығы қандай	досымызды ренжітіп аламыз.Жанар «рахмет» деген сөзді,Сырым «кешір» деген сөзді айта алмады.Нағыз достар бір-бірінің көңіліне қарап,ренжітпейді,кешірім шіл болады.Достар қиын сәттерде көмекке келеді,татулықты қадір тұтады. **Ойын:** «Нағыз дос» -алма ағашына, доска тән қасиеттерді теріп ілу (мейірімді, салмақты, адал, кек сақтамау, ақылды, кешірімді, төзімді, өтірікші, тәртіпсіз, мақтаншақ, жалқау). - Сендердің жауаптарыңды тыңдап, сендерде шынында адал дос болатындарыңа көзім жетті. **Дәптермен жұмыс:** ребусты шешу Шешуі: «Досыңа ауыр сөз айтпа» **Мақалды жалғастыр:** 1.Досыңды бір алдасаң,..... (Өзіңді мың алдағаның) 2. Дос сыртыңнан мақтар,..... (Дұшпан көзіңе мақтар). 3. Жақсы- жаныңа жолдас,..... (Жаман- малыңа жолдас).

Сканировано с CamScanner

		секіртпемен секіру. Балаларға секіру ырғағы білек қозғалысы (айналмалы) мен аяқ қозғалысын (тік) үйлестіруге байланысты болатынын ескерту. **Қол массажы** Балалар білектерін «жайып», екі алақандарын қызғанша ысқылайды. Әрбір саусақтарын уқалап созады. Екі қолдың тырнақ үстін кезек үйкейді. Қолды иыққа дейін «ысқышпен» ысқылайды, иық пен білек бұлшық еттеріне саусақты батыра сипалайды, «сабынды сумен шаяды», бір қолмен жоғары, содан кейін алақанмен төмен сипалап, «суды» сілкиді. Мақсаты: ішкі ағзаларға жағымды әсер етеді. Жеңіл сезініп, рахат көңіл күйге бөленуге ықпал етеді. Каманда нұсқауды тыңдау. **Қорытынды бөлім:** балаларды мадақтау. Қимылдарды қайталаған кезде қандай кедергілер болғанын сұрау. **Нәтижесінде:**		болды? Бөлме өсімдіктері ғана емес, терезе сыртындағы өсімдіктер де күтімді қажет етеді. Туған өлкеңнің табиғатын қорға! Сендерге жасаған жұмыстарың ұнады ма? Жапырақтармен жұмыс жасағанда қандай қиындықтар болды? Өздері жасаған жұмысын бағалайды. Егер жұмыс барысында қиналса немесе педагогтен көмек сұраса – доға сызады, ал қиналса, бірақ өздігінен жасаса – түзу сызық, күлімсіреген – бәрі түсінікті, өз бетімен орындады дегенді білдіреді.Баларды мадақтау. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** : Дыбыстарды ажырата біледі, дұрыс дыбыстайды. Тыңдаған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізеді. **Нені меңгерді:** табиғи және жасанды материалдарды қасиеттеріне қарап	4. Ат жаманы жолда қалдырар,..... . (Жолдас жаманы қолда қалдырар). 5.Жақсымен жолдас болсаң, (Жетерсің мұратқа.) Жаманмен жолдас болсаң, (Қаларсың ұятқа 6.Жүз сомың болғанша, (Жүз досың болсын). 7.Дос табу оңай,..... . (Сақтау қиын) **Қорытындылау:** -Адамдардың бір-біріне деген ең қымбат сезімдерінің бірі – достық. Ал адам бойындағы ең игі қасиеттердің бірі – достаса білу.Достықтың күші-бірлікте,кепілі-татулықта.Біз де сыныптас достарымызды қолдап,қол ұшын беруге әрқашан дайын болайық,әрқашанда дос болайық, бәріміз! **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Балалар дос деген ұғымды білді. **Нені меңгерді:** Балалар достың қандай қасиеттері болатынын түсініп ,соған тән болу керектігін , дос туралы мақалдарды меңгерді. **3.Музыка**

Сканировано с CamScanner

	Нені білді:. Допты қағып алу үшін алға немесе артқа қадам басу, баяу жүгіру, жалпы дамытушы жаттығулар орындауды, жұп болып тұрып қос аяқтап секіруді, зал, алаң, кеңістікте бағдарлауды білді **Нені меңгерді:** Балалар Иықты бос ұстап, ырғақты, бір қалыпты жүгіруді. Допты жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу. Гимнастикалық орындықтан секіруді меңгерді.		ажырата алады; - материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай алады; - жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіре алады. **3.Музыка** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті достарым» **Мақсаты**: Тыңдалған музыкалық шығармадағы қаркынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары – «құс», орташа–«қоян», төмен–«аю») анықтау. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемел деумен жән есту қабілетіне сүйеніп ән салу Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде , би қимылдарын ойдан шығарып орындау.	**Тақырыбы:** «Менің сүйікті достарым» **Мақсаты**: Тыңдалған музыкалық шығармадағы қаркынды (жылдам, баяу) динамиканы (қатты, ақырын) регистрді (жоғары – «құс», орташа–«қоян», төмен–«аю») анықтау. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемел деумен жән есту қабілетіне сүйеніп ән салу Таныс би элементтері мен қимылдары негізінде , би қимылдарын ойдан шығарып орындау.

Сканировано с CamScanner

«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық	10.55-11.10	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.			
Серуен:	11.10-12.30	Картотека №18 **1.Желді бақылау.** **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. **2.Еңбек:** Ойын алаңын қағаздардан тазарту. **3.Ұжымдық жұмыс:** Тақпақ. «Жел» Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-катты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **4.Қимылды ойын:** «Толкиды теңіз **5.Еркін ойындар**	**Картотека № 1** **Бақылау:** Қарды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:**Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. **Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру. **Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. **Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. **Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.	**Картотека № 2** **Бақылау:** Бұршақты бақылау. **Мақсаты:** Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. **Қимылдық ойын:** «Торғайлар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету. **Еңбек**: Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты**: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа үйрету. **Жеке жұмыс:** Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар). **Мақсаты:** Тілдік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру. Балаға грамматикалық дұрыс сөйлеу үлгілерін беру. Әдемі де әсерлі сөйлеуге үйрету.	**Картотека № 3** **Бақылау:** Суық торғайды бақылау. **Мақсаты:** Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету. **Еңбек:** Қар күреу. **Мақсаты:** Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі калай ұстау керектігін үйрету. **Жеке жұмыс:** Торғай,торғай,тоқылдақ Жерден дәнді шұқып -ап Бөтекесі бұлтиып Шиқ-шиқ етіп отырмақ. **Мақсаты:**Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларын дамыту. **Ойын:** «Жақсы жаман». **Мақсаты:**Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.

Сканировано с CamScanner

Серуеннен оралу. гигеналық шаралар	12.10-12.30	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкаф сөрелерін таза ұқыпты ұстауды үйрету. дербес ойын әрекеті. Балалардың аяқ киімдерін салафанға салып текшелеп жинауға дағдыландыру.
«Ас дәмді болсын» Түскі ас	12.30-13.00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі: Тамақты сөйлемей, асықпай жеуге баулу. Батаны мәнерлеп асықпай айтуға дағдыландыру.
«Тәтті ұйқы» Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы.	13.10-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Балаларға электронды күйіз үйден № 3 бесік жырын тыңдату
«Оянамыз, сергиміз» Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, сауықтыру және гигиеналық шаралар,жеке жұмыстар.	15.10-15.40	Ұйқыдан кейінгі жаттығулар: Картотека № 18 «Шапалақ»
Бесін ас	15.40-16.10	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу .

Сканировано с CamScanner

«Алаксай ойын» Ойындар ойлату,оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу.	16.10-16.40	**Вариативтік компонент:** **«Ойна да, ойлан»** **Тақырыбы:** 2 саны мен цифры. **Мақсаты:**. 2 санымен және цифрымен таныстыру. Балаларға 1 желтоқсан еліміздің алғашқы президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы әңгімелеу.	**Вариативтік компонент:** **«Бояулар ұпиясы»** **Тақырыбы:** Ала сиыр(Шаблонмен жұмыс) **Мақсаты:** Айналадағы дүниенің заттық көлемін пішінін, түсін сақтай отырып, бастыру арқылы сурет салуға үйрету. Күннің бірінші жартысындағы аяқталмаған жұмыстарды аяқтау.	**Картотека № 10** **«Күш сынаспақ»** **Мақсаты:** Ата бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойын екендігін біліп өсуге, денсаулығын шыңдай түсуге, күштілікке тәрбиелеу Балаларды 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне дайындау.	**Вариативтік компонент:** **«Сиқырлы әріптер»** **Тақырыбы:** «Сөзбен дыбыс» (дидактикалық ойын) **Мақсаты:** Балаларға сөзбен дыбыстың ерекшеліктері жөнінде түсінік беру **Картотека № 2** **«Ақсерек-көксерек»** **Мақсаты:** Ұлттық ойындарды насихаттай отырып, ойын түрлерімен балалардың күштілік, ептілік, жылдамдылық, икемділік қасиеттерін дамыту
«Табиғат аясында серуен» Серуенге дайындық, серуен	16.40-17.50	Киіну: серуенге шығу.Табиғаттағы болып жатқан құбылыстарды 2-3 сөйлемнен әңгімелету. Балаларға қыс мезгілі басталғаны, оның үш ай айдан тұратыны, ауа райының қандай болатыны туралы түсіндіру.			
«Сау бол, балабақша» Ата-аналармен қарым-қатынас. Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығын қадағалап тұруды ескерту.	Балалаларды уақытылы алып келуді ескерту. Балалардың қосымша дәптерін назарда ұстауды ескерту.	Ата аналарға балалармен әңгімелесуді тапсыру.	Балалардың демалыс күндеріне сәттілік тілеу. Келесі Дүйсенбіге дейін Сауболыңдар!

Сканировано с CamScanner

Бекітемін: _____
Әдіскер: Уразмуханбетова А.Т
04.XII.2020 ж

ЦИКЛОГРАММА
II аптаға (7 -11 Желтоқасан 2020 ж.)
«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасы «Құлыншақ» мектепалды даярлық тобы
Өтпелі тақырып: **«Бізді қоршаған әлем»**
Тақырып: **«Менің туған өлкем»**

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 7.12.2020ж	Сейсенбі 8.12.2020ж	Сәрсенбі 9.12.2020ж	Бейсенбі 10.12.2020ж	Жұма 11.12.2020ж
«Сәлеметсіздер ме, балалар» Балаларды таңертеңгі қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу. Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі жаттығу (5 мин)	8.00-8.30	Балалардың бойында балабақшаға, ойыншықтарға деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.Балаларды қызықты әуенмен қарсылау.Балаларда қыс мезгілінің ерекшеліктерін қалыптастыру. Балабақша туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру. Сұрақтарға жауап беруге үйрету.				
		Сәлеметсіңдер ме! Балалармен, ата-аналармен амандасып, балалардан демалыс күндерінің қайда қыдырғандарын сұрау. Дене қызуларын өлшеу. Қолдарын залалсыздандыру. **Картотека №1 Тақырыбы:** «Қысқыштар» **Мақсаты:**Балаларды түрлі-түсті қысытырғыштардың түстерін ажыратуғаүйрету.	Балаларды көңілді әуенмен қабылдау. Балалардың көңіл-күйлерін анғару, балабақшаға таза келулерін қадағалау. Дене қызуларын, өлшеп, қолдарын сабынмен жуғызу. жасау) **Саусақ жаттығуы:** Бір күні қарбыз алдық, Дәміне таңғалдық. (Саусақ ұштарын біріктіріп дөңгелек жасау).	Саламатсың ба балақай!!, көңіл-күйлері туралы сұрау. Балаларды жылы сөзбен қарсы алу.Дене қызуларын өлшеу. Қолдарын залалсыздандыру. **Саусақ жаттығуы:** Қауынды да алдық, Тең жартысын жардық Тілік-тілік жасап Ауызымызға салдық (Саусақ ұштарын біріктіріп сопақша	Балаларды қабылдау.Отбасы мүшелерін сұрау. «Бес саусақ» санамағын айту. Дене қызуларын өлшеу. Қолдарын залалсыздандыр. **Саусақ жаттығуы:** Күн шықты – Құрттар қашты. Күн батты – Құрттыр шықты (Саусақтары ақырын жұдырыққа жиналады,кейін ақырындап жазылады)	Саламтсыздар ма! Здраствуйте! қостілде амандасуды қалыптастыру. Сүйікті ойыншық тарымен ойнату. Дене қызуларын өлшеу. Қолдарын залалсыздандыру. **Картотека №5 Тақырыбы:** «Ілгекті жолдар» **Мақсаты:** Уақ маториканы дамыту. Ілгектердің көлемін ,түсін ажыратуға үйрету.Бірдей түсті ілгектерді табуға олардан

Сканировано с CamScanner

						жол жасай білуге дағдыландыру.
Таңғы ас	8.30- 8.50	**Жаттығулар кешені** **Желтоқсан II- апта; Картотека №7** **Гигиеналық жаттығулар** **Картотека №5** Тазалық – саулық негізі Саулық – байлық негізі. Мақалды айтқыза отырып балаларды өздерін таза ұстауға тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.50-9.00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Картотека №43 « Қақпаға түсір » **Мақсаты:** Балалардың қимыл қозғалысын жетілдіру. Ептілікке үйрету.	**Картотека №4** **Тақырыбы:** «Мені қуып жетіңдер!» **Мақсаты:** Балаларды аңғарымпаз болуға және шапшаң әрекет етуге баулу	**Картотека №60** **«Құстар мен мысық »** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа жетілдіру.	**Картотека №8** **Тақырыбы:** «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:** Балалардың жылдамдығын арттыру.Ұжымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.	**Картотека №33** **Тақырыбы:** «Кім жылдам?» **Мақсаты:** Балаларды ойын түрлерімен таныстыру,қызығушылықтарын арттырып, шапшаңдыққа баулу.
«Ойнайық та, ойлайық» Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	9.00-9.30	**Қатынас** **1.Орыс тілі** **Тема:** **Цель:**	**Қатынас** **1.Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** «Ұшты, ұшты!» ойнаймыз. Ұ дыбысы **Мақсаты.** Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Суретті кітаптардан ақпаратты табу(сурет арқылы). Сөз, сөйлем сызбасын құру.	**Денсаулық** **1.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Қимыл-қозғалыс пен көңіл күйді жақсартамыз **Мақсаты.** Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау. Секірудің әртүрлі түрлерін орын-	**Денсаулық** **1. Қауіпсіз мінез құлық негіздері .** **Тақырыбы:** Қалай дұрыс тамақтану керек? **Мақсаты:** Дұрыс тамақтану ережелерін білу және қолдану . **Әдіс тәсілдер:** Түсіндіру,көрсету, әңгімелесу.сұрақ –	**Қатынас** **2.Сауат ашу негіздері.** **Тақырыбы:** Айналамдағы үлкен және кіші бейнелер. І дыбысы **Мақсаты:** Сөз/сөйлем сызбасын оқу.Суретті кітаптардан ақпаратты

Сканировано с CamScanner

	9.40-10.10	**Таным, Шығармашылық** **2.** Кіріктірілген оқу қызметі: **Жаратылыстану, Жапсыру** **Тақырыбы:** Сезім мүшелерінің қызметі қандай? Кел жаңа жыл! **Мақсаты:** Сезім мүшелерін атап, олардың қызметін білу . Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. **Көрнекіліктер:** Түрлі -түсті қағаздар, желім, қайшы, бала санына	Сәлем сызбасының соңына тиістітыныс белгілерін қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгі. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, жұмбақ шеш, суретпен жұмыс. дәптермен жұмыс. **Көрнекіліктер:** Та қырыпқа сай суреттер. **Ұйымдастыру бөлімі.** Оқу қызметіне балалардың назарын аударып, жағымды атмосфера құру. Балалар бір-бірлеріне жылы сөздер айтады. Мына сұлу әлемде, Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Балаларға әртүрлі дыбыстар тыңдап, ненің дыбысына ұқсайтынын табады. Дыбыстарды балалар ым-ишарамен қайталайды **Әліппе-дәптермен**	дау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер **Қажетті құралдар:** Бала санына қарай кішкентай доптар, Гимнастикалық төсеніштер. **Кіріспе бөлім:** Балаларға көңілсіз болу себептерін атау ұсынылады. Доппен ойнау арқылы көңіл күйді жақсартуды ұсыну. «Шеңбер құрып тұрамыз, Достарымыз бәріміз. Солға адымдап жүреміз, Оңға адымдап жүреміз, Шыр көбелек айнала Ортада сап түземіз. Шаттанамыз, күлеміз, Жалқаулықты тастайық, Ойынды қайта бастайық!» – тақпаққа сәйкес қозғалу. **Таспамен орындалатын жаттығулар**	жауап,дәптермен жұмыс.ойын. жұмбақ жасыру. **Көрнекіліктер:** пайдалы тағамдардың суреті **Ұйымдастыру бөлімі.** **«Шаттық шеңбері»** Шуағын шашады, Күн шықса жиектен. Жылу алып нұрынан, Денсаулықты түлеткем. Денсаулық — ол күлуің, Көңіл — күйің жадырай, Денсаулық — ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай. — Балалар, осы жақсы көңіл-күймен бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс- әрекетімізді бастаймыз. Бүгінгі жаңа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізде дұрыс тамақтану және дәрумендердің денсаулығымызға деген пайдасын білетін боламыз Дәруменде	табу(сурет арқылы). **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ жауап, әңгімелесу дәптермен жұмыс. сергіту сәті. **Көрнекіліктер:** Тақырыпқа сай суреттер.қаранда штар. **Ұйымдастыру бөлімі.** Оқу қызметіне балалардың назарын тарту.жағымды атмосфера құру. Балалар бір-бірлеріне жылы сөздер айтады. Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Балаларға әртүрлі дыбыстар тыңдап, ненің дыбысына ұқсайтынын табады.

Сканировано с CamScanner

	карай ақ парақтар. төсеніш клеенка, қайшы, желім, желім жаққыш, шүберек,жапырақтар. **Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, саусақ жаттығуы, миға шабуыл.сұрақ жауап. **Ұйымдастыру кезеңі:** Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүймейміз. Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан. **Алтын ереже:** • Оқу қызметіне белсенді қатысу • тыныштық сақтау • Бірін- бірі тыңдау • Ойын ашық айту • Бір- бірін сынамау • Ынтымақтастық -Біз көреміз, естиміз, әр түрлі иістерді, дәмді, ыстық пен суықты сезе аламыз. Осы бір	**жұмыс.** 1-тапсырма. Сурет желісімен балаларға сұрақ қою. Сұраққа жауап беріп, әңгімелеу. Балалар өз ойларын айтады. **«Ұшты, ұшты» ойыны ойнатылады.** 2-**тапсырма**. «Айналаңда не ұшады, не ұшпайды?» деген сұраққа сурет бойынша жауап береді. Ұ дыбысы естілген жануардың атын қайталап, сөздерді буынға бөледі. Ұ дыбысын айтқанда ерінді кішкене дөңгелектеу,тілдің ұшы астыңғы тіске жақындайды ерінді көбірек дөңгелектеу, тілдің ұшы кейін қарай тартылады. Ұ – жуан, дауысты дыбыс. Сергіту сәті. балаларды орындарынан тұрғызып, өлең жолдарын қимылмен 2-3 рет айтқызу. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі.	Мимикалық жаттығу Бұл жаттығуды орындау кезінде 6–8 секундтан теріге батырмай, саусақ ұшымен сипалау қажеттігі ескеріледі. Мұнда Өкпелегіш тұрады. Бала бұртиып, саусағын түйілген екі қастың ортасына апарады. Мұнда Келемеж тұрады. «Буратино» жаттығуы, бала тілін шығарады. Мұнда Күлегеш тұрады. Бала сұқ саусағын екі ұртына апарып жымияды. Мұнда Қорқытқыш тұрады. Бала көзін бақырайтып, аузын ашып, қолын созып, саусақтарын бүгеді. Бұл Бибка деген мұрын! Саусақпен мұрын ұшын басады. Ал неге күлмейсіңдер? Балалар тәрбиешінің сұрағына күлкімен жауап береді. Мұнда Өкпелегіш тұрады. Қастың екі арасына массаж жасалады.	р — дегеніміз не? рысшасы қалай аталады? - Дәрумен – Витамин. - Балалар, сендер балапан телеарнасын көресіңдер ме? - Олай болса, мына әуенді тыңдап көріңдерші,бұл қай бағдарламаның әуені? - Аспаз мектебі. - Дұрыс айтасыңдар,ал балалар сендер аспаз мектебіне қонаққа барғыларың келе ме? - Олай болса біз бүгін аспаз мектебіне саяхатқа барамыз. Саяхатқа біз машинамен барамыз. Ал балалар жолға шығайық. Міне балалар аспаз мектебіне де келіп жеттік. **Аспазша апай:** Салеметсіздер ме, балалар! Қош келдіңдер! - Салеметсіз бе! - Балалар, сендердің дендерің сау болып, мықты болып өсу үшін не қажет? - Дұрыс тамақтану, дәрумендер қажет.	Дыбыстарды балалар ым-ишарамен қайталайды. **Әліппе-дәптермен жұмыс.** 1-тапсырма Сурет желісімен балаларға сұрақ қою. Сұраққа жауап беріп, әңгімелету. Балалар өз ойларын айтады. **2-тапсырма.** «Дүрбі» өлеңі оқып береді. Дүрбі, тиін, кірпі сөздеріне дыбыстық талдау жасату. І дыбысы естілген сөздерді буынға бөледі. Жұмсақ таңдай көтеріледі де, мұрын ауа жолымен жабылып тұрып, і дыбысы айтылады. І – жіңішке, дауысты дыбыс. **Сергіту сәті.** балаларды орындарынан тұрғызып, өлең

Сканировано с CamScanner

	гажайып қабілеттер бізге 5сезім мүшесі арқылы беріледі. — Олай болса, сезім мүшелерінің қызметімен танысайық. - Балалар, әр сезім мүшесіне байланысты жұмбақ жасырамын. Сол жұмбақтың жауабы бойынша жеке-жеке мағлұмат аламыз. 1.Көреді бәрін өзгенің, көре алмайды өздерін? (Көз). (Суреті көрсетіледі) — Көз не үшін керек? Көз адамның негізгі мүшесі. « Көз – адамның айнасы». Көзді шаршаудан және зақымданудан сақтау керек. Қазір теледидар, компьютер және басқада электронды құрылғылар көп колданылу үстінде. Олармен жұмыс істеу үшін гигиена ережелерін сақтау	Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **3-тапсырма.** өлең жолдарын оқу. Ұ әрпінің бейнесін түсті қағаздармен құрастыру. **4-тапсырма.** Сурет бойынша жұмыс жүргізу. Көрдім, ұстадым, алдым. Көрдім, алмадым, ұстамадым. – Балалардың сөзінен не байқадыңдар? (Ойларын айтқызу). **5-тапсырма.** Жұмбақ шешкізеді. Жұмбақтың шешуі: жұмыртқа. Ұ әрпінің нешінші буында тұрғанын тапқызады.Ұ әрпінің баспа түрін жазу. **Қорытынды бөлімі:** балалардың белсенділігін талқылай отырып, өз білімдерін бағалауын өтіну. Рефлексия. Смайлик арқылы бағалау.	Мұнда Келемеж тұрады. Мұрынның екі жағындағы нүктелерді уқалайды. Мұнда Күлегеш тұрады. Төменгі жақ, ерін және иектегі ортаңғы бет сызықтарына массаж жасалады. Мұнда Қорқытқыш тұрады. Ауызды кең ашып, тілді барынша шығарып, құлақтың төменгі ұшын төмен қарай тартады. Мынау Бибка деген мұрын! Сұқ саусақтың ұштарын кезеккезек мұрынның ұшына тигізу. Ал неге күлмейсіңдер? Екі ұрттағы нүктелерді сұқ саусақпен уқалау. Үш қатар тізбекке тұру. Қолына доп ұстап жанымен жүру – қолға доп ұстап бір жанымен адымдай жүру, содан кейін артымен бұрылып доп алып кері жүру, содан кейін қайта бері бұрылу. Барлық дене	**Аспазша апай:** Сендер тамақты күніне неше мезгіл ішесіңдер? - Төрт мезгіл. Таңғы ас, түскі ас, бесін ас, кешкі ас. **Аспазша апай:** Дұрыс. Біздің күнделікті тағамдарымыздың ішінде әртүрлі дәрумендер бар. Сендер қандай дәрумендерді білесіңдер? - АВСДЕ дәрумендерін. **Аспазшы апай:** Дәрумендер туралы тағы не білесіңдер? **Тәрбиеші:** Біздің балалар дәрумендер туралы тақпақтар біледі. Дәрумендер тірегің, АВСДЕ деп аласың. Жетіспесе бірі оның, Ауырып сен қаласың. А — сы қажет көзіңе, В — сы қажет жүйкеге С — дан микроб безінер, Д — сүйекті нығайтар. А — болады асқабақ, Өрік, айран, салатта.	жолдарын қимылмен 2-3 рет айтқызады. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **3-тапсырма.** өлең жолдарын оқу. І әрпінің бейнесін түсті қағаздармен құрастырады. **4-тапсырма.** Сурет бойынша жұмыс жүргізу. І әрпі бар сөздерді сөмкенің суретімен сәйкестендіреді. Мысалы: өшіргіш, кітап, кірпі, түлкі. Осы жерде «Не артық?» ойынын ойнатып жіберуге болады. Балалар кірпі мен түлкіні сөмкеге салуға болмайтынын, яғни екеуі артық екенін табады. Бірақ осы сөздерде і дыбысының бар екенін айтады.

Сканировано с CamScanner

	кажет. Ең алдымен дұрыс отыра білу керек. Қол мен білек үстелде еркін жатуы тиіс. Дене шамалы алға еңкейеді. Компьютердің экраны көзден 50-55 см. кашықтықта болғаны дұрыс. Теледидарды көп көруге болмайды. Есіңе сақта!-Жатып оқыма; көлікте және қараңғы жерде кітап оқуға болмайды. 1. Егер көзге бөгде зат түссе, дереу қайнатылған жылы сумен көзді сыртынан ішіне қарай жуу. Көзге қышқыл сілті сияқты сұйықтықтар тисе, суды ағызып қойып жуу керек. Көзді уқалауға болмайды,тек таза шүберекпен сүртеді. Сондай–ақ ерте кезде әжелеріміз халықтық емдерді қолданған. Мысалы, көзге бөгде зат түссе ,тіл салу арқылы алған. **Келесі жұмбақ:**	Мадақтау. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтарады. Сөздегі дауысты, дауыссыз, дыбыстарды ажыратады. Ұ дыбысы – дауысты дыбыс, жуан дауысты. Ұ дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі ұ дыбысының орнын ажыратады. Үйқас сөздерді табады. **Нені меңгерді:** Сюжетті суреттен таныс ақпаратты табады. Тақырып аясында диалогке қатысады. Сөз/сөйлем сызбасын оқиды. Ұ дыбысын қатыстырып, сөз, сөйлем құрастырады. Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қояды:	мүшелеріне күш түсіруге назар аудару – шыныққан бұлшық еттер фигураның барынша айқын кескінін көрсетеді. 5 метр қашықтыққа екі тізе арасына доп қысып секіру. Нұсқау – екі тізені біріктіріп, қолды барынша сермей отырып қос аяқпен қарғу. Аралығы 1 метр қашықтықта бір қатарға орналастырылған кедергі заттар арасымен оң және сол қолмен доп домалату. Нұсқау – саусақтарға қатты күш салмай допты итеру. **«Жылдам доп» қимылды ойыны** Оң және сол қолмен кезекпен допты жерге соғу. Нұқсау – доптың үстінен саусақтарды жаза отырып алақанмен жеңіл соғу. «Қызыл ала, сары доп Секіресің шаршамай. Жиі-жиі ойнақтап, Қайта жерге түсесің. Тарс-тарс етіп тағы да	В — балық, картоп, сбұршақ, Сиыр еті жаңғақта. С — апельсин, алмұртта, Д — балық майында, Е — қарақаттан табылар. **Аспазшы апай:** дәрумендерді біз қайдан аламыз? - Жемістерден, көкөністердер. - Ал қандай жемістерді, көкөністерді білесіңдер? **Тәрбиеші:** Біздің балалар көп жемістер мен көкөністерді біледі үштілде атауларын атап бере алады.(сурет б-ша үштілде атауларын атайды.) Алма – яблоко - (эпл), алмұрт – груша - (пэя), банан – банан -(банана), жүзім – виноград - (грейп), сәбіз – морковь - (кэрэт), қияр-огурцы - (кюкамбэ), қызанақ – помидор - (таматоу), қызылша-свекла - (бит). **Аспазшы апай:** Ал енді балалар,осы	І әрпінің баспа түрін жазады. Қорытынды бөлім: қорытынды жасау. Балалардың оқу қызметіне белсенділіктері мен қатынасуын талқылау. Балаларды смайлик арқылы бағалау. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Сұраққа жауап бере отырып, суретті мазмұндайды. Берілген суретке қарап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады **Нені меңгерді:** Сюжетті суреттен таныс ақпаратты табады. Тақырып аясында диалогке қатысады. І дыбысын қатыстырып, сөз, сөйлем

Сканировано с CamScanner

		2.Күмбір-күмбір қарағым, Қартайғанша жарадың. (Құлақ). -Бұл кандай мүше? Есту мүшесі. (Музыка қою). Көрмей-ақ, жануарларды бір-бірінен қалай ажыратып, анықтауға болады? Дауыстаған дыбыстарын есту арқылы. Есіңе сақта: а) Құлақты аса катты дыбыстан, шудан қорғау; ә) Желден қорғау; б) Су кіргізіп алмау. Дұрыс тазалау. (Суреттерін) көрсету. Құлағын ауырса дәрігерге қаралу керек. 3.Екі шырақтың ортасында бір өзім. (Мұрын). (Суретін шығару). Саламандық жұмыс: (иіс су) шашырату, иісін сездіру. Мұрын – иіс сезу	(жақсы, сұрақ белгісі, жаман белгісі). **Таным** **2.Математика негіздері** **Тақырыбы:** Маған ұнайтын жыл мезгілі. Оқиғаның ретін белгілеймін. **Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері,олардың ерекшеліктері туралы білімін бекіту. Ай атаулары,апта күндері,тәулік бөліктері туралы білімдерін тиянақтау **Әдіс- тәсілдері:** Түсіндіру,көрсету, сұрақ-жауап,санату. Миға шабуыл. **Көрнекі құралдары:** Әліппе дәптерлер, карандаштар,	Секіресің биікке. Жете алмайсың бірақ та, Бәрібір қолға түсесің! **Қорытынды бөлім:** «Жақсы-жаман» мінез-құлық ұстанымын қалыптастыру. Ұжымның бір мүшесінің жабырқау көңіл күйі басқаларының көңіл күйіне кері ықпал ететінін еске салу. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Өзара қашықтықты сақтап, деңгейді алмастыру (жоғары, ортаңғы, төмен). Түрлі деңгейлерде қос аяқтап секіру. Жанымен қимылдар орындай білді. **Нені меңгерді:** Шығармашылық үлгісін көрсету. Қозғалыс кеңістігінде жұппен қауіпсіз жұмыс жүргізуді, Зал кеңістігінде бағдарлауды, бір қолмен жерге доп	жемістерден, көкөністерден не жасауға болады? - Шырын, салат. **Тәрбиеші:** Балалар бүгін біз аспазшы апаймен бірге түскі асқа салат жасаймыз. (балалар аспазшы апаймен,тәрбиешімен ұжымдық жұмыс жасайды). - Балалар, сендер кандай жемістерден жасайсындар? **Балалар:** Алмада «С»дәрумені бар, алма жесек денсаулығымыз мықты болады, ешқандай микробтар жоламайды. Банан, киви, жүзімде «В»дәрумені бар, «В» дәруменін қолданған баланың ішкі құрылыстары, жүйке жолдары, қан айналымдары күшейіп, жақсы жүгіретін болады. Йогуртта да дәрумендер көп. - Ал, балалар сендер қандай көкөністерден салат жасайсыңдар? **Балалар:** Қызанақта «А»дәрумені бар, оны күнде жесек	құрастырады. І дыбысының бейнесіне ұқсатып жасайды. **2.Өзін –өзі тану** **Тақырыбы:** Менің кішкентай достарым .**Мақсаты:** Дос, достық туралы түсініктерін кеңейту, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Досына адал болуға, сенімді, берік болуға тәрбиелеу **Әдіс тәсілі:** шаттық шеңбері, әңгімелесу, дәптермен жұмыс **Көрнекі құралдары:** Тақырыпқа сай суреттер **Кіріспе бөлімі:** **Шаттық шеңбері**

Сканировано с CamScanner

	мүшесі. Адам әр түрлі істі мұрынымен сезіп, ажыратады. Сонымен қатар мұрын «тыныс алу» қызметін атқарады. Мұрындарын колмен басып, демалдыру, бірнеше минуттан соң дем тарылатынын байқату. **4.**Екі баланы ортаға шығарып, көздерін байлап, ауыздарына мандарин беремін, олар сол дәмін сезу керек. (Суретін шығару). -Тіл туралы не білеміз? Нені сеземіз? Тіл – сөйлеу мүшесі. Ғалымдардың айтуы бойынша тіл ұшы – тәттіге жауап береді екен. Ал тіл шеттері қышқыл мен ащыны жақсы ажырататын көрнеді. Тіл арқылы адамдар бір-бірімен сөйлеседі. Саламандық жұмыс: Лимон дәмін сездірту. Дәмді тілмен сезеді.	жиынтық палатно, сандық карточкалар. **Ұйымдастыру бөлімі:** Жұмбақ шешуді ұсыну. Өзектендіру. «Бұл қашан болады?» дидактикалық ойыны Ойын барысы:Барлық ойыншыларға әртүрлі түсті 4 шаршыдан үлестіріп беру. Әр түс белгілі бір жыл мезгілін білдіреді, мысалы: сары – күз, көк – қыс, жасыл – көктем, қызыл – жаз. (немесе бала) қандай да бір мезгілдегі құбылыстың (мысалы, жапырақтардың түсуі). Балалар шапшаң сәйкес түсті (сары) шаршыны көтеруі керек Мақсат қою (проблемалық жағдай). Табиғатты бақылай отырып, халық жыл мезгіліне	соғуды меңгереді. **2.Көркем әдебиет** Кіріктірілген оқу қызметі: **Мүсіндеу.** **Тақырыбы:** Жыл басына таласқан жануарлар. Аққала және оның достары **Мақсаты:** Үй жануарлар туралы түсініктерін кеңейту, бір-бірінен айырмашылығын табу. Басқа балалармен топтасып немесе жекелей біртекті заттардан образдар мен сюжеттік композициялар жасау (мысалы, ертегі, әңгіме, балаларға арналған халық әндері, санамақ, мазақтамалар, аңыздар желісімен). **Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ	біздің көзіміз жақсы көретін болады. Қиярда «В»дәрумені бар, ол бізге өте пайдалы. Пияз жесек бізге тұмау жоламайды. (ұжымдық жұмысты аяқтап, келген қонақтарға салаттан дәм таттыру). **Тәрбиеші:** Балалар, біздің денсаулығымыз мықты болу үшін дәрумендерді қабылдаумен бірге дене қозғалысына мән беруді естен шығармауымыз керек. Қане барлығымыз денемізді қыздырып, сергіту жаттығуымызды жасайық. **Сергіту сәті:** Тәрбиеші: Балалар аспазшы апайдың бізге дайындаған тосын сыйы бар екен.Ал ол тосын сый тақтада жасырулы тұр.Ол не екенін білу үшін,біз тапсырманы орындауымыз керек . Сол тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар қандай тосын сый	Балалар жұмсақ ойыншық күшікке деген өз сүйіспеншіліктерін білдіреді. -Сен қандай сүйкімдісің. - Сен қандай әдемісің.т.б. **Әңгімелесу** Балалар сендер қандай үй жануарларын жақсы көресіңдер? Оларға қандай қамқорлық жасауға болады? «Жеті қазынаның бірі» аңызын оқып, сұрақтар қою. -Ит неліктен достыққа адамды таңдады? «Ит-адамның досы» деп неліктен айтады? (балалардың жауаптары тыңдалады) "Ақ лақ"С.Оңғарбаев," Қозы"М.Әлімбай, "Күшігім"Ж.Кәрбозин өлеңдерін оқып беру. **Дәйексөз** «Ит-жеті қазынаның бірі» . -Үй

Сканировано с CamScanner

Тіл – дәм сезу мүшесі. Тілді қалай күту керек? - Өткір затты ауызға салуға болмайды, себебі кесіп алуың мүмкін. - Тамақты асықпай жеу керек, себебі тілді тістеп алуың мүмкін. - Тамақтан кейін ауызды шаю керек, себебі тамақ қалдықтары қалады. - Ыстық тамақты суытып ішу керек, себебі тіл күйіп қалады. Ал, балалар мен келесі сезім мүшесімен таныспас бұрын мен сендермен ойын ойнағалы тұрмын. **Ойын «сипап сезу»** (екі баланы шығарып, көздерін байлап, бірінің қолына алма, екіншісінің қолына қуыршақ бетемін.) Олар сипап сезу арқылы қолдарындағы заттарды табады. - Бір сезім мүшесі	байланысты көптеген жұмбақтар шығарды. Бір-бірлеріне жұмбақ жасыру ұсыну. Жаңалық ашу. 1-тапсырма «Жыл маусымдары» деген суретке қарауды ұсыну. Балалар маусымдарды және олардың белгісін атайды. Әрі қарай балалар өзінің таңдауын түсіндіре отырып, маусымдар мен сюжеттік суреттерді өз бетінше біріктіреді Жаңаны қолдану. «Болады, болмайды» дидактикалық ойыны. белгілі бір жыл мезгілінің белгісін атап, допты лақтырады. Егер бұл белгі сәйкес келсе, бала допты тосып алады, егер сәйкес келмесе, допты тосып алмайды. 2-тапсырманы өз беттеріне орындайды.	– жауап,Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, жұмбақ жасыру.саусақ жаттығуы. **Қолданылатын көрнекіліктер:** Түрлі түсті ермексаз,кескіш, тақтайша, қағазмайлық. Аққаланың суреті. **Кіріспе бөлім:** Балалар Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде ауа райы қандай болады? Сендерге қыс мезгілі ұнайма ?Жарайсыңдар балалар! Жақсы жауап берген балаларға Отшашу жасау. **Суретпен жұмыс:** Суретте Жыл басына таласқан жануарлар ертегісінің қай сәті бейнеленген? Ертегі мазмұнын естеріңе түсіріңдер. Суреттен түйенің өркешін көрсетіңдер. Ең үлкен жануарды қайсы.Ең кішкентайы	екенін білетін боламыз. **Жұмбақ шешу.** I — ші бөліктегі тапсырма Бұйра шашы желменен ойнап тұрады, Қызыл мұрны жерге бойлап тұрады. (Сәбіз). Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады. (Пияз). Аласа талда алуан алма, Ал қызыл болмай аузыңа салма (Қызанақ). - Қараңдаршы, балалар, сендер жұмбақты дұрыс шешкен соң жасырылған тосын сыймыз ашылды. **Аспазшы апай:** Балалар естеріңде болсын, түрлі хот-дог, чипсы сияқты тағамдарды және кола сусындары біздің ағзамызға кері әсерін тигізеді. Бұл тағамдардан әрдайым аулақ	жануарлары адамның пайдасына жарайтын досы,көмекшісі екен. Ит адамдардың жанында жүріп қорғайды,үйлерді күзетеді. Сондықтан адамдар итті қамқорлыққа алып, жақсы көреді екенбіз. **Дәптермен жұмыс жүргізу.** Сурет бояйды. **Ғажайып сөздер.** Ит-адамның досы,көмекшісі. **Қорытынды бөлім:** -Балалар, бүгінгі сабақта кішкентай достарымызға қамқорлық жасау керектігін үйрендік. Біз өзіміздің кішкентай досымыз ит жайлы тереңірек білдік, олар біздің досымыз екенін

Сканировано с CamScanner

қалды. Ол-тері.Тақтаға екі оқушы шығады. 2 оқушының көздерін жауып, қолдарына көкөністерді беру. Олар сипап, атайды. Ал, енді осы заттың ойыншық екенін сен қалай білдің? Демек біз қолымызбен ұстап, сипап сезу арқылы білдік. Тері – сипап сезу мүшесі. Тері - адам денесінің сыртқы жабыны. Теріні күту: -Теріні жарақаттардан,күйіктен,үсіктен сақта. - Денені аптасына 1-2 рет сабынмен және жөкемен жуу керек. - Міндетті түрде қолды, бетті, мойынды, аяқты, қолтықтың астын күнделікті жуу. - Үнемі таза киім кию. - қыс мезгілі , яғни күн суық сондықтан жылы киініп, қолымызға қолғап киіуіміз керек.	3-тапсырма жұппен орындату. Балалар маусым бойынша сәйкес келетін заттарды таңдап, суреттерді біріктіреді. **Қорытынды бөлім: Рефлексия.** қорытынды жасап, балаларды мадақтау. Оқу қызметіне өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсыну. түсіндіру: егер кателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** бүгін, кеше, ертең,	қайсы? Суреттегі жануарларды жылдары бойынша ретімен атап үйренейік. **Қостілділік:** Түйе – верблюд,жылқы – лощадь,сиыр – корова, тышқан – мышь, ит – собака. Балалар біз өткен оқу қзметінде қанай ертегіні видио арқылы тамашаладық. Қане есімізіге түісрейік. Балалар Мүсінші Ермектің жұмбағы: Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала) Балалар жұмбақтың шешуін тауып, өз жауаптарын түсіндіріп береді. Қыс – өте көңілді мезгіл. Қарда сырғанауға, аққала жасап, қар атысып ойнауға болады. Сен кіммен ойнағанды ұнатасың?	болған жөн! Сондықтан да дұрыс тамақтану керек. (тосын сыйын таратады). **Тәрбиеші:** Балалар біздің топқа қайтатын уақытымыз болды. (Аспазшымен қоштасып, топқа қайту). **Қорытынды бөлім:** - Балалар бізқайда саяхатқа бардық? - Кіммен кездестік? - Саяхат сендерге ұнады ма? - Олай болса біз ойын ойнайық. **Ойын: «Пайдалы және зиянды тағамдар»** **Шарты:** Пайдалы тағамдарды азық таситын арбаға жинаймыз,ал денсаулығымызға кері әсерін тигізетін тағамдарды қоқыс шелегіне жинаймыз. - Рахмет, балалар! Сендер тапсырманың барлығын жақсы орындадыңдар. Балаларды мадақтау	түсіндік. **Нәтижесінде:** «қамқорлық» ұғымы туралы білді. үй жануарларының пайдасын түсінеді. 3.**Музыка** **Тақырыбы:** «Табиғат тамшылары» **Мақсаты**: Музыкалық шығарма нын кіріспесі мен қайырмасын ажырату Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен жән есту қабілетіне сүйеніп ән салу.Балаларға арналған ұрмалы музыка аспаптарында

Сканировано с CamScanner

	- Тырнақты таза ұстап ,уақытында оларды кию керек. Балалар осы сезім мүшелеріне ақпарат мидан келеді. **Оқулықпен жұмыс.** Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау.Балалар мен сендерге өлең оқимын , мұқият тыңдаңдар! Ойыншықты мұншама Кім ілді екен шыршаға. Маңдайында жұлдызы – Жарқырайды соншама. Балаларды жұмыстың ерекше түрі – топпен жұмыс жасау қызықтыру. **Әліппе-альбомдағы иллюстрациялармен жұмыс** балаларға суретке қарап, балалардың не істеп жатқанын, оқиғаның қайда болып жатқанын айтқызады. ең ғажайып мереке – Жаңа жыл келе жатқанын хабарлайды! Балаларға	бүрсігүні; тәулік бөліктері деген сөздерді өмірдегі және оқудағы жағдайларда қолданады. **Нені меңгерді:** тәулік уақытына, жыл мезгілдеріне, апта күндеріне арналған сөздерді пайдалана отырып, өз бетінше әңгіме құрастыруды меңгеред.	**Проблемалық жағдай тудыру.** Сәуле есімді қыздың жасаған аққаласын тентек балалар қиратып тастапты. Балалар Сәулеге көмектесу үшін ермексаздан аққала жасауға бел буады. Тәрбиеленушілер ҰОҚ-де не жайлы әңгіме болатынын болжап, зерттеудің тақырыбы мен мақсатын айқындайды. **Проблемалық жағдайдың шешімі.** Аққаланы зерттейміз. – Аққала қандай бөліктерден тұрады? – Аққаланың дене мүшелерінің пішіні қандай? – Аққаланың басына не кигіземіз? – Оның қолында не бар? – Жұмысты орындау үшін ермексаздың қандай түсін пайдаланамыз? – Аққаланың бөліктері қалай орналасады? **Әліппе-альбоммен жұмыс.** Үлгілерді	**Нәтижесінде:** балалар пайдалы тағамдар туралы білді. Қалай дұрыс тамақтану керектігін меңгерді. **3.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Мөлдір бұлақ **Мақсаты:** Сөздер мен фразалардағы	(дыбысы жоғры айқындалмаған) жеке және ансамбльде күрделі емес ырғақтық суреттерді ойнау

Сканировано с CamScanner

		жаңажылдық жапсырма жасауды ұсыну. Шыршаны, Аязата мен аққаланың бейнесін жасауға алақанымыз көмекке келеді! Еркін қиялдай беріңдер! **Саусақтарға арналған жаттығу**. «Аулаға серуендеуге шығамыз». Бір, екі, үш, төрт, бес (бір-бірлеп саусақтарын бүгеді), Біз серуенге шығамыз (сұқ және ортаңғы саусақтарымен үстел үстімен «жүреді), Аққала соғамыз (екі алақанымен қар «домалақтайды»), Құстарға нан үгіп береміз (барлық саусақтарымен нан «үгеді»), Сырғанақ тебеміз (сұқ саусағын алақанмен сырғанатады), Қарға аунаймыз (алақандарын үстел үстіне кезек-кезек аударыптөңкереді), Қар-қар болып үйге қайтамыз. (алақандарын	көрсету. Тәрбиеленушілер үлгіні қарап шығып, мүсіндеудің түрі мен тәсілін анықтап алады. Мүсіндеу алгоритмін түсіндіру және көрсету. 1. балалармен бірге қолданылатын тәсілдердің бірізділігін талқылау. **Саусақтарға арналған жаттығу:** «Аққала». «Болады-болмайды» ойыны. Ойын барысында тәрбиеленушілер ермексазбен жұмыс істеу ережелерін пысықтайды.Ойын-жаттығу: «Ермексазбен достас» – ермексазды жұмыс істеуге дайындау. Балалардың өзіндік жұмысы, жеке көмек көрсету. Шығармашылық минуты. Ойдан Аққала туралы ертегі құрастырып, ойнап көрсет. **Қорытынды бөлім:** Балалар жұмыстарының көрмесі. «Аққалалар әндетеді» – аққалаларды кішкентай шыршаны айналдыра	дыбыстарды дұрыс дыбыстау. Ауыспалы мағынадағы сөздерді, бейнелі теңеулерді түсіну, оларды сөйлегенде қолдану **Әдіс-тәсілдер:** Шаттық шеңбері, Түсіндіру, көрсету, сергіту сәті. Видио ролик.дәптермен жұмыс. **Көрнекіліктер:** Тақырыпқа сай суреттер. **Ұйымдастыру бөлімі:** балаларды ортаға шеңберге тұрғызу. - Балалар, қарандаршы, біздің табиғатымыз қандай әдемі. Өзімізді әдемі де сұлу табиғатқа теңеп, шаттық шеңберін жасайық. - Мен таумын. Бәрінен де биікпін. - Мен гүлмін. Жұпар иісім бар. - Мен Күнмін. Жарқырап жылу берем! - деп балалар шаттық шеңберін жасайды.	

Сканировано с CamScanner

	қаққылайды). **Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері.** Желіммен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері. Желіммен жұмыс істеу кезінде қажет болса, жаққышты пайдалан. Жұмысты орындаудың осы кезеңіне ғана қажетті желім мөлшерін ал. Желімнің артық мөлшерін жұмсақ шүберекпен немесе майлықпен абайлап алып таста. Жұмысты бітіргеннен кейін жаққышты және қолыңды сабынды сумен жақсылап жу **Қорытынды бөлім: Рефлексиялық бағалау** Жұмыстар талданып, нәтиже қорытындыланады. Мазмұны бойынша бала өзінің жұмысын бағалайды. **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Балалар сезім мүшелерін және	**Таным** **3. Қоршаған ортамен танысу** кіріктірілген оқу қызметі **Сурет салу** **Тақырыбы:** Мен тұратын қала (ауыл) Қазақстан – мақтанышым! **Мақсаты:** Өз өңірінде бағдарлану тәсілдерін және өз үйінің (тұрғылықты мекен жайын) мекен жайын атау. Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістіктік арақатысын бейнелеу. **Әдіс-тәсілдер:** Шаттық шеңбері,Түсіндіру, көрсету, сұрақ-	орналастыру. балалардың жұмыстарын талқылап, бұйымдарға баға беруге шақыру. Ермек балаларға ҰОҚ-де өзі жасаған жұмысқа баға беруді ұсыну: **Нәтижесінде:** **Нені білді:** Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісін әңгемелеп береді. **Нені меңгерді:** Балалар біреуге жанашыр болып, оған көмек қолын созуды, ермексазбен аққаланы мүсіндеуді меңгерді.	Балалар, мына әртүрлі ғажайып дыбыстарды мұқият тыңдаңдар. Менің дыбысын естігендеріңді айтып беріңдер. (Аудиотаспадан сылдырлаған бұлақтың, теңіздің дыбыстары.) - Дыбыстарды естігенде қайда жүргендей болдыңдар? - Менің дыбысын естідіңдер? - Ал енді мен сендерге «Теңіздегі тіршілік иелері» атты бейнетаспа көрсетемін, сендер өте мұқият болыңдар, көріп болғаннан кейін кандай тіршілік иесін танидыңдар, маған айтып бересіңдер. Қостілділік: өзен – река ,көл – озеро, теңіз – море, Не көргендеріңмен бөлісіп отырыңдар, ерекше әсер беріп, есте қалған не	

Сканировано с CamScanner

		олардың атқаратын ролін білді. **Нені меңгерді:** Балалар жаңажылдық жапсырма жасауды, қауіпсіз жұмыс жасауды меңгереді.	жауап, сергіту сәті. **Қолданылатын көрнекіліктер:** Түрлі түсті ермексаз,кескіш, тақтайша, қағазмайлық.Аққала аның суреті. **Ұйымдастыру бөлімі:** **Шаттық шеңбері** Армысың, шапағатты күн-ана! Армысың, шапағатты аспан-ана! Құт дарытқан елімізге, жерімізге Армысың, мейірімді Жер-ана. Балаларға табиғи аймақтағы құрастыру Қазақстан картасын ұсыну. Біздің Еліміздің картасына қараңдаршы. Жеріміз өте үлкен. Біздің туған-туысқандарымыз еліміздің әртүрлі жерлерінде тұрады. Сол туысқандардың қай қалада, қай ауылдарда тұратынын айтып беріңдерші? Олар		болды? Ал енді біз су туралы сөйлесеміз. 1. Қалай ойлайсыңдар, су кімге және не үшін керек? 2. Теңіз тіршілік иелеріне нелер жатады? **Әліппе-дәптермен жұмыс: 1-тапсырма.** Суретші нені ұмытты? Толықтырып сал. **Сергіту жаттығуы:** Кәнекей, бой сергітіп алайық, Өзімізді мөлдір суға балайық. Сай-салада ағып жатқан саркырап, Бұлақ болып таудан төмен ағайық. «Сөзді жалғастыр» ойыны. Мен қармақпен балық ... . Теңіз жағасынан шағаланы ... . Бұлақ сылдырлап ... . Жылқылар су ... . Жаңбыр жауып, өзен суы ... . Аққулар жағаға жақын ... . Балалар суға ... . **Әліппе-дәптермен жұмыс: 2-**	

Сканировано с CamScanner

10.25-10.55	**3..Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Хайуанаттар бағы **Мақсаты:** Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану. **Қажетті құралдар:** Үлкен доптар, **Кіріспе бөлім:** «Жануарды тап!» Балаларға тиісті музыка бойынша хайуанаттар бағындағы жануарды тауып, оның іс-қимылын келтіру ұсынылады. Жануарлардың қимыл-қозғалысын байыппен, музыка ырғағына сай келтіруге назар аударылады (әрбір жануардың өз жүрісі мен өз музыкасы болады). **«Орман алқабында»** Жануарлар орманға Жаттығуға жиналды. Мойын етін ширатып, Оңға, солға қозғалтып	бір-бірінің өмір тіршіліктері туралы қалай біледі? тәрбиеленушілерге: Туған жер, Отан деген – адамның туып-өскен жері. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстанда дүниеге келіп, осында өсіп жатырсыңдар. Отан – отбасынан, туған қала, ауылынан басталады. Отаным деп Қазақстан елін, туған өлкем деп туып-өскен жерін – айта алады. **Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма** Біздің Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Елордасы – Нұрсұлтан . Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Гимн, Атазаң. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран		**тапсырма.** Жаңылтпашты жаңылмай айтайық: Бұл балық, Ақ балық. Ақ балық, Қылтаны көп балық. **Әліппе-дәптермен жұмыс:** **3-тапсырма.** Суреттегі тізбекті есіңе сақта. Дәптерді жауып, шатастырмай айтып бер. Логикалық ойын: «Тура мағынасын айт». балаларға ауыспалы мағынадағы сөздер айту, балалар тура мағынасын айтуға тырысады. Мысалы: Жылы сөз - жылы күн; Алтын бала - алтын сырға; Қара шаңырақ, қара ниет - қара шалбар; Ақ жол, ақ ниет - ақ орамал; Жұмыстың аяғы - жүретін аяқ; Бұлақтың көзі - адамның көзі; Суық хабар - суық жел. **Әліппе-дәптермен жұмыс: 4-тапсырма.** Суреттен суда мекен	

Сканировано с CamScanner

